




ҚОЙ ЕТІНЕ
СҰРАНЫС
ЖОҒАРЫ

3-бет



ТАРИХИ-
МӘДЕНИ
БАЙЛАНЫС
ҰРПАҚҚА
ҮЛГІ

5-бет



ІЗІ ЖОҚ
ӨЛІМ

8-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№77 (3608) 13 қазан 2023



БАЗЫНА

ГЕНЕРАЛ НЕГЕ БОС ЖҮР?

Мирлан Ахмедияұлы еліміздегі жас генералдың бірі. Әкесі Ахмедия өмірден қайтқанда Мирлан екі жаста ғана еді. Өзі үйдегі он бір баланың ішіндегі сегіз ұлдың кенжесі болатын. Әрине, екі жастағы сәбидің есінде әке елесі қайдан қалсын?.. Өмірде азамат құласа, қайғы-қасіреттің салмағы алдымен екі әйелге – анасы мен жарына батады.

«Әкем қайтыс болғанда он бір баламен қалған анам қандай күй кешті екен? Құдай қосқан жарын жоғалтып, қайғының күйігін тартқаны былай тұрсын, шиедей баланы қалай асырауын ойлағанда алдағы күнінен қалай түңіліп кетпеді екен байғұс анам?!» деген ой жиі келеді.

Бұрын қазан-ошақтың айнала-сынан алыстамаған анасы Зықан азаматының қазасынан кейін белді бекем буды. Дастарқанды айнала отырған оншақты баланың алдына бір табақ тамақты қойып: «балалар, тезірек жеңдер» дейтін өзінің баяу үнімен. Мұнысы тамақты таласа-тармаса жесе, бәріне бірдей жетеді, біреуі ашқұрсақ қалмасын деген ойы екен жарықтықтың. Анасы балаларына ешкімнен нан сұратқан жоқ. Бірақ үй шаруасындағы қарапайым әйелдің қарымы қайда барушы еді? Ол өмір бойы кеңсе сыпырушы болып істеді.

Бірде еден жуып жатқан анасының шелегін мектеп директорының орынбасары болып істейтін орыс әйел салдыр еткізіп, биік өкше туфлиімен теуіп жіберді. Теуіп қана қойған жоқ, анасына өктем-өктем сөйледі, әсілі, «еденді дұрыстап жу!» деген болуы керек. Анасы орыс әйелдің бетіне қарап ештеңе айта алмай, бүгежектеп қалды. Ойнап жүрген бес-алты жасар ұл жүгіріп келіп, анасының етегінен ұстап тұрып, әйелге көзі шатынай қарады. Әйел де балаға тесіле қарағандай болды да, теріс айналып кетті... Мирлан қоғамның осындай катігездігін көріп жүріп ерте ержетті.

Өскен соң, ағаларының ізімен тәртіп сақшысы болуды қалаған. Арман жетегіне ілесіп, Кеңес армиясын аяқтап, милиция саласына жұмысқа тұрып, Республикалық ІІМ Қарағанды жоғары мектебіне түсті.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЛА МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛЕТІН АУЫЛДАР САНЫ АРТПАҚ



Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, қазір елімізде 17 облыс, 188 аудан, 89 қала бар. Оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар – 3, кенттер – 29, ауылдық округтер – 2 176, ауылдар – 6 286. Ең көп аудандар Ақмола облысында, облыстық маңызы бар қалалар мен кенттік әкім аппараттары Қарағанды облысында орналасқан. Ал Ақмола мен Қостанай облыстарында ауылдық әкім аппараттары көп болса, ауылдық елді мекендердің ең көбі – Түркістан облысының үлесіне тиеді.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАЙТЫН ЖАҺАНДЫҚ КҮШТЕРДІ БІРІКТІРУ ҚАЖЕТ

Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының ХХІ отырысы өтті. Бейбітшілік және келісім сарайында өткен дөңгелек үстелге әлемнің 23 елінен келген ислам, христиан, иудаизм, буддизм, индуизм, даосизм, синтоизм және басқа да діндердің, халықаралық ұйымдардың өкілдері жиналды. Онда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезінде қабылданған декларация ережелерін жүзеге асыру барысы талқыланды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген конгресстің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы бекітілді.

Отырысты ашқан Парламент Сенатының төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі хатшылығының меңгерушісі Мәулен Әшімбаев қатысушыларға ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуін оқып берді. Құттықтау хатта Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өзінің жиырма жылдық қызметінде дінаралық татулық пен келісімді

нығайтуға, толеранттылық пен өзара қолдау идеяларын ілгерілетуге, сондай-ақ маңызды әлемдік проблемаларды шешуге зор үлес қосқанын атап өтті.

Сонымен қатар онда «Бұл алаңда бейбітшілікті сақтауға, өзара құрмет пен ынтымақтастық мәдениетін нығайтуға бағытталған идеялар мен ұсыныстар тыңдалады.

(Соңы 5-бетте)



ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ - ҚҰРМЕТ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен облыстық сот судьясы Жанна Әлішева және Ақтөбе қаласы №2 сотының судьялары Оралбек Бақтыгереев пен Жанас Қуанышев отставкаға шығуына байланысты лауазымынан босатылды.

Облыстық сот төрағасы Айдар Смағұлов судьяларды отставкаға шығуымен құттықтап, оларға денсаулық пен бақыт тілей отырып, мінсіз қызметі және облысымыздың сот жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін алғыс білдірді. Облыстық соттың алқа төрағалары мен судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары, Сот әкімшілігі департаментінің басшысы өз құттықтауларында әріптестердің терең білімі, кәсібилігі мен еңбекқорлығын атап өтті.



Жанна Қуандыққызы сот жүйесінде 20 жылдан астам уақыт қызмет атқарды. Еңбек жолын 2002 жылы Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы ретінде бастап, 2010 жылдан бүгінгі күнге дейін Ақтөбе облыстық сотының судьясы қызметін абыроймен атқарды.

ПАЙЫМ

АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Кез келген заң мен жаңа бастаманың күретамырында халық тілегі, ел мүддесі жатыр. Осыдан екі жыл бұрын қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мен соның негізінде жұмысын бастаған әкімшілік соттардың артында да азаматтар құқығын мінсіз қорғауға деген тілек тұр.

Өйткені, әкімшілік әділет институты тәжірибеге қосылғанға дейін жеке және заңды тұлғалардың жария-құқықтық дауларда өз мүддесін қорғай алмай, теңсіздік жағдайында болғаны белгілі.

Көпшілік арасында жиі сөз болып, халықтың өкпе-ренішін тудырған бұл мәселеге Мемлекет басшысы да назар аударып, құзырлы органдарға әкімшілік әділетті енгізу бойынша нақты тапсырмалар жүктеген болатын.

Міне, бүгінде әкімшілік соттар халық игілігіне қызмет етіп жатыр. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңашылдығы аз емес. Ең алдымен кодекс сот шешімін орындауды бақылау құзыретін жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жүктеуімен ерекшеленіп отыр. Себебі, сот актілерінің орындалмай орта жолда қалуы соттың беделіне, мемлекеттің абыройына, заңдардың пәрменіне көлеңке түсіреді. Осы тұрғыдан алғанда жаңа өзгеріс сот актілерін орындаудағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен жауаптылығын күшейтуімен құнды.

Әкімшілік іс қаралғанда дәлелдемелерді жинақтау міндетінің жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүкте-

луін де көпшілік оң бағалап отыр. Өйткені, бұрын өз талабын дәлелдей алмаған азаматтар сотта амалсыз жеңіліс табатын. Сондай-ақ, заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен күмәнді тұстардың азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі де елдің көңілінен шыққаны талассыз.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі ақшалай өндіріп алу институтының маңызы зор. Ақшалай өндіріп алу – процестік мәжбүрлеу шарасы. Бүгінде ақшалай өндіріп алу бойынша өзіндік тәжірибе қалыптасып үлгерді. Төреліктің тегеурінін арттыратын бұл механизмнің тәртібі ӘРПК-нің 127-бабында нақты көрсетілген. Жалпы, ақшалай өндіріп алуды қолдану әкімшілік істер бойынша сот отырысына қатысатын тараптарды тәртіпке келтіруге, істің мән-жайын уақытылы және толық зерттеуді және сотқа жүгінген адамдардың өз құқықтарын заң шеңберінде қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Процестік құқықтарды теріс пайдаланған немесе процестік міндеттерді орындамаған, оның ішінде дәлелдерді белгісіз себептермен сот белгілеген мерзімде



Оралбек Әбішұлы сот жүйесінде 30 жылдан астам уақыт қызмет атқарды. Еңбек жолын 1989 жылы Шалқар аудандық сотының сот мәжілісінің хатшысы лауазымынан бастап, 1998 жылы Бөгеткөл аудандық сотының судьясы лауазымына тағайындалған. Әр жылдары Ырғыз, Қарғалы және Шалқар аудандық сотының төрағасы қызметін атқарып, 2023 жылдан бүгінгі күнге дейін Ақтөбе қаласы №2 сотында судьялық етті.

Ал Жанас Базарұлы сот жүйесінде 40 жылдан астам уақыт қызмет атқарды. Еңбек жолын 1983 жылы Ақтөбе аудандық халық сотының сот орындаушысы ретінде бастап, әр жылдары қалалық соттың бас кеңесшісі, Мұғалжар ауданының №2 соты, Ақтөбе қалалық соты, Байғанин аудандық сотының төрағасы лауазымында қызмет етіп, 2019 жылдан бүгінгі күнге дейін Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы қызметін абыроймен атқарды.

Ақтөбе облыстық сотының баспасөз қызметі

ұсынбаған, тапсырмаларды сот белгілеген уақытта орындамаған тұлғаларға ақшалай өндіріп алу қолданылады. Себебі, мұндай әрекеттер әкімшілік істің негізсіз созылуына ықпал етеді. Сонымен бірге, соттың талабын, сұрау салуын орындамаған, әкімшілік іске қатысушы сотқа келмеген, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сотта белгіленген қағидаларды бұзған, сондай-ақ сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) жасаған тұлғаларға да соттың ақшалай өндіріп алу қолданатыны заңмен бекітілген.

Сотпен белгіленетін ақшалай өндіріп алу қолданатыны заңмен бекітілген. Оның мөлшері он АЕК-тен жүз АЕК мөлшеріне дейін болып белгіленген. Ақшалай өндіріп алу қолданылған кезде сот ұйғарымының орындалуын кейінге қалдыруға немесе екі айға дейінгі мерзімге бөліп төлеуге беруге құқылы. Сондай-ақ, өндіріп алу белгіленген тараптар оны төлеуден босату немесе ақшалай өндіріп алу мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы.

Тәжірибе көрсеткендей, ақшалай өндіріп алу тетігі тараптарды тәртіпке, жауаптылыққа үйретті. Алдағы уақытта бұл тетікті жандандыру үшін кодекс жаңашылдықтарын түсіндіру, таныстыру бағытындағы жұмыстар бір сәт те кешеуілдемеуі керек.

Мақсат САДЫҚОВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ҚҰҚЫҚ

БАСТАМА

Бүгінде егемендіктің маңызды белесіне жеткен елімізде ауқымды жұмыс атқарылып, көптеген табысқа қол жеткізілді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ - АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ПӘРМЕНДІ ТЕТІГІ

Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында «Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық Сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады», – деп елімізде Конституциялық Сот құруды ұсынған еді. Маңызды құжаттағы осы бір саяси жаңалық ел ішінен ерекше қолдау тауып, Конституциялық Соттың құрылғаны көптің есінде.

Жалпы, Конституциялық Сот – конституциялық бақылау басты міндеті болып табылатын ерекше орган. Тарихқа үңілсек, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган елімізде болған. 1992 жылғы 6 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» заңы негізінде құрылған Конституциялық сот елімізде 1995 жылға дейін нормативтік актілердің Конституцияға сай келуін қадағалайтын орган ретінде қызмет етті. 1995 жылы аталған құрылым Конституциялық кеңеске айналып, түрлі құқық нормаларын түсіндіріп беріп отырды. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайтын. Конституциялық сот құрылғалы бұл олқылықтың орны толып, азаматтардың тікелей жүгіну құқығы қарастырылды.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – еліміздің

бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді. Конституциялық Сот азаматтардың жолданымы бойынша Қазақстан заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін қарайды. Сондай-ақ, Президент сайлауы, Парламент депутаттарының сайлауы, республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешіп, Президент қол қойғанға дейін Парламент қабылдаған заңдардың, ҚР Парламенті және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Ата Заңға сәйкестігін қарайды. Одан бөлек, Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді.

Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге де берілген. Конституциялық Сот отырысында қабылданатын акт оның шешімі болып табылады. Конституциялық Соттың шешімдері Қазақстанның қолданыстағы құқығының құрамдас бөлігі болып табылатын нормативтік қаулылар, жолдаулар, қорытындылар, қаулылар нысанында қабылданады.

Қорыта айтсақ, елімізде Конституциялық Сот жұмысының қайта жандануы, азаматтардың Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық Сотқа тікелей шағымдана алу мүмкіндігі азаматтардың конституциялық құқығын қорғаудың тиімді тетігіне айналды.

Гүлфайрус ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

БАҒДАР

ӘДЕП КОДЕКСІ - ӘДЕПТІЛІК НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызметкер әртүрлі қоғам өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен, аса үлкен дайындықпен қызмет атқаруы тиіс. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білу, сыртқы бейнесі мен киімінің тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін әңгіме кезінде басқара білу, анық әрі түсінікті, жүйелі сөйлей білу – қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына және жалпы қабылданған этикет талабына жатады.

Президенттің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығымен мемлекеттік қызметшілерге арналған Әдеп кодексі қолданыла бастады. Осы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиетіне қойылатын талап жоғарылады. Мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бөлек, бос уақытында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті. Оның ішінде қызметкер сыпайы болып, лауазымдық артықшылығын алға тартпауы және жеке басының пайдасы үшін қолданбауы шарт. Сондай-ақ, еліміздегі тілдерге, салт-дәстүрге сыйластықпен қарап, әділ де заңды шешім қабылдап, өсек тасымай, біреуді сын айтқаны үшін қудаламай, мемлекет меншігін тек қызмет бабында пайдалануы нақтыланған. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметші жемқорлық фактісіне қатысты, тіпті, есімінің аталуына жол бермеуі, қол астындағыларды кемсітпеуі және қызметкердің барлығына құрметпен қарауы тиіс.

Еліміздің ертеңі мен бүгіні мемлекеттік қызметшілердің адамдық парасаты мен ар-ожданына және кәсібилігіне байланысты болғандықтан, «Біздің міндет – халыққа қызмет!» деген ұранды ұстануымыз қажет.

А.АТОШОВА,
Бәйтерек ауданы №2 соты әкімшісінің басшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Мемлекеттік қызметкер үшін тек еңбек дағдыларын меңгеру жеткіліксіз. Сонымен қатар, олар белгілі бір моральдық және ерікті қасиеттерге ие болуы керек, бір жағынан кәсіби топ ішіндегі қарым-қатынастарды, екінші жағынан, топтың қызметін пайдаланатын адамдармен қарым-қатынасын реттейтін белгілі бір қағидалар мен мінез-құлық ережелерін тәжірибе жүзінде қолдануы керек.

Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің имандылығына, әдептілігіне, адамгершілік қасиеттеріне жоғары талаптар қояды. Бұл талаптар Әдеп кодексінде жан-жақты дәйектелген. Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қаты-

настың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Кодексте мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық мінез-құлқына қойылатын негізгі талаптар, олардың мінез-құлқының негізгі стандарттары, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттағы қимыл-әрекет нормалары көрсетілген.



М.ТЕМИРГАЛИЕВА,
Тасқала аудандық соты әкімшісінің басшысы

Мемлекеттің беделін және қоғамның оның қызметкерлеріне деген құрметін арттыру және қорғау мақсатында әрбір мемлекеттік

қызметші әдеп кодексінің мінез-құлық стандарттарының талабын сақтауға және өзінің жоғары мәртебесіне сәйкес болуға міндетті.

Сот жүйесінің мемлекеттік қызметшілеріне моральдық-адамгершілік талаптарды арттыру, азаматтардың сот жүйесіне деген имиджі мен сенімін нығайту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және қызметтік этика нормаларын сақтау мақсатында республика соттарында тұрақты түрде мамандардың қатысуымен семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі. Мемлекеттік қызметшілердің адалдығы, қолжетімділігі, ашықтығы, олардың қызметінің сапасы, моральдық-этикалық нормаларға сәйкестігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты саясаттың негізі ғана емес, сонымен қатар халықтың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін арттырады.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚАЛА МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛЕТІН АУЫЛДАР САНЫ АРТПАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қалалардың 38-нің облыстық, 48-нің аудандық мәртебесі бар. Облыстық маңыздағы қалалардың ең көбі Қарағанды (6) мен Қостанайда (4) болса, аудандық маңыздағы қалалардың ең көбі Ақмола (8) мен Ақтөбе (7) облыстарында. Ал кенттердің көбі Қарағанды (8) мен Ақмола (5) облыстарында, ауылдардың ең көбі Түркістан (825), Солтүстік Қазақстан (635) облыстарында. Орта есеппен бір ауылдық округке шамамен 3 ауыл және 3,3 мың тұрғыннан, ал аудандық маңызы бар бір қалаға 24 мың тұрғыннан келеді.

«Ашық НҚА» порталында жария талқылауға шығарылған «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы №639 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы құжат бойынша енді халық саны 10 мыңға жетпейтін қалалардың әкімшілік мәртебесі өзгеруі мүмкін.

Әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіруде халқы 10 мыңнан асатын ірі 17 ауылдың мәртебесінде мәселе бар. Мәселен, Маңғыстау облысындағы Бейнеу ауылында – 54 мың адам, Түркістан облысындағы Қарабұлақ ауылында – 50 мың адам, Алматы облысындағы Ұзынағаш ауылында – 47 мың адам тұрады. Құжат бойынша әкімшілік-аумақтық заңнаманың талаптарына сәйкес келмейтін қалалардың (халық саны 10 мың адамнан кем) әкімшілік мәртебесін өзгерту процесі кезең-кезеңімен жүргізілетін болады. Оған Ақмола облысы Біржан

сал ауданының әкімшілік орталығы болып табылатын Степняк (3,8 мың адам), Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімшілік орталығы Темір (2,1 мың адам), Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданында орналасқан Жем (1,5 мың) сияқты қалалар мысал бола алады. Бұдан басқа, облыстық маңызы бар қалалардың шекараларында орна-

ласқан дербес ауылдар мен кенттердің болуына талдау жүргізілетін болады. Бұл «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңның талаптарына қайшы келетіндіктен, мұндай ауылдар мен кенттердің мәртебесі қайта қаралып, олар қалалардың құрамдас бөлігі, мысалы, шағын аудандар түрінде болуға тиіс.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Азаматхан ӘМІРТАЙ, «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы:

– Тұрғындар саны он мыңнан асқан ауылдарға қала мәртебесін беру мәселесі қоғамда тек бүгін ғана қозғалып отырған жоқ. Мұндай жағдай бұған дейін де болған. Мәселен, Тараз қаласының қасындағы Айша бибі ауылының тұрғындары оған қарсы болды. Өйткені, қала мәртебесі берілген кезде олар ауласында мал ұстап, оны жая алмай қалады. Оларға жайылым жер берілмейді. Сол себепті ол халыққа тиімсіз нәрсе.

Бұл жерде ең басты мәселе қаржыландыру ғой. Бюджеті дұрыс болып, жағдайлары жасалатын болса мұндай ауылдарға қала мәртебесін бермей-ақ дамытуға болады. Шағын өндіріс орындарын ашып, қайта өңдеуді дамыту арқылы. Жалпы экономикалық жағдайын жасайтын болса мұндай ауылдарға ең үлкен көмек осы болады.

Сайын БОРБАСОВ, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор:

– Ауылды дамыту үшін басқа шаралар керек. Атап айтқанда ең алдымен оның экономикасын жақсарту қажет. Тұрғындарының саны 10 мыңнан асады екен деп бәріне қала мәртебесін бергеннен ештеңе өзгеріп кетпейді. Мәселе тек мәртебеге тіреліп тұрған жоқ. Ондағы халықтың тұрмысын жақсарту үшін алдымен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге көңіл бөлу керек. Малдың тек еті, сүті, жүні мен терісін ғана емес, сүйегін, мүйізін, тұяғын қабылдайтын арнайы орындар ашу қажет. Оларды өңдейтін болсақ түрлі заттар жасауға болады. Қазір оның бәрі рәсуа болып ауылда шашылып жатыр. Оны ұйымдастыру көп шығынды да қажет етпейді. Біз 30 жылда соның өзін ұйымдастыру алмадық. Ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуде кеңестік дәуірде жақсы тәжірибе болды. Ең болмаса соны қайта жаңғыртуға болады ғой. Егер ауылдағы әрбір отбасы жылына кемінде бір ірі қараны және бірнеше ұсақ малды сояды десек, қаншама тері мен жүнді өңдеуге болатынын өзіңіз де есептеп көрсеніз болады.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ҚОЙ ЕТІНЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ



«Қой саны көбейіп жатыр. Динамика бар, кезең-кезеңмен жалғасып келеді. Дегенмен, мемлекеттің қой шаруашылығын дамыту саясатын жақсарту керек. Сонда динамика қарқыны ұлғаяды. Қытай, Араб Әмірліктері, жалпы Парсы шығанағының импортқа тәуелділігі жоғары. Араб әмірліктері жыл сайын шамамен 55 мың тонна импорттайды. Қазақстан үшін бұл – таптырмас нарық. Ол жаққа Австралия да экспорттайды, Қазақстан жыл сайын мың тоннаға жуық ет сатады. Шет елдерге экспорт ұлғайып келеді, сондықтан мұны арттыруымыз керек», – деді Еркен Наурызбеков.

Сонымен қатар, сарапшы Арқалықта қой шаруашылығын дамыту қолға алынғанын атап өтті. Қазір бұл өңірде қоймен айналысатын 4 бизнес субъекті, 73-ке жуық ірі субъекті бар. Шаруалар қой санын арттыру үшін өтінім беріп қойған.

«Неге Арқалық қой өсіруге қолайлы қала ретінде таңдалды дегенге келсек, қаланың сыртында 1,5 млн га жер бар. Оның 1,1 млн га жайылым, бұдан бөлек шөп өсіретін жер бар. Жалпы тарихқа қарасақ та Торғайда қой өсірілген және табиғаты қолайлы. 1992 жылға дейін бұл өңірде қой шаруашылығы жақсы дамыған. Жалпы Арқалыққа қой шаруашылығын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы дамыту жолын ұсындық. Шаруаларға тауар немесе ақшалай несие ұсыну керек. Содан кейін қой жүнін қабылдау орындарын ашу, тасымалды реттеу қажет. Бұлардың бәрі бағдарламға енгізіледі», – дейді.

«Әр жердің өз өнімділігі бар. Бүгінде тек жерді пайдаланып жатыр не пайдаланбай жатыр деп есептейді. Ал, рационалды түрде пайдаланып жатыр ма, жоқ па – оны ешкім қарап жатқан жоқ. Сондықтан осы қой шаруашылығын дамыту бағдарламасының аясында жерді кімге және қалай үйлестіреміз дегенді қозғадық. Қазіргі қағидаларға қаты-

сты шағым көп. Соны ескере отырып, осы қағидаларды қайта қарап, жерді тиімді пайдаланып отырғандарға беруді ұсындық. Екінші мәселе, мемлекет жердің сапасын тексеру керек. Яғни, қой бағамын деген шаруаға талап қойып, жер табуға болады. Сондай-ақ, мониторинг жүргізу керек. Жерге қатысты осы және басқа жұмыстар ұсынылады», – деді «Атамекен» УҚП Құрылыс және жер қатынастары департаменті директорының орынбасары Ернұр Әбжан. Түркістан облысының кәсіпкер палатасынан Нұрлыбек Боранбаев:

«Жалпы, макроэкономика болмайынша, сол мәселе шешілмейінше, қойға бағдарлама да жасалмады. Көңіл бөлінбеді, мемлекет қолдамады. Соның салдарынан осы күйде қалдық. Жайылым бар, оны тиімді пайдалана алмаймыз. Мәселелер қордаланды. Енді не істеу керек? Бірінші, шопанның статусын белгілеу керек. Оның отбасымен тұратын жерін әзірлеп, балаларына жағдай жасап, басымдық беру керек. Кадр дайындау курсын ашып, ауылды дамыту бағдарламасын қайта қарау керек. Жайылымды дамыту, суару көздерін әзірлеу керек, деп пікір білдірді. Бұдан бөлек жиынға Ауыл шаруашылығы министрлігінің және ветеринария комитетінің өкілдері қатысып, кәсіпкерлермен бірге талқылауға дайын екенін айтты.

«Қылшық жүнді өнімділік бағытындағы қойлар» республикалық палатасының атқарушы директоры Қайырлы Омашев аталған бағдарламаны қолдайтынын және сарапшы ретінде пікірін қосты.

«Ұлттық кәсіпкерлер палатасының дайындайтын бағдарламасына атсалысуға дайынбыз. Жайылымның 70 пайызы шөл және шөлейт жер екен. Ол жер – географиялық ерекшеліктеріне байланысты қой мен жылқының жайылымдық жері. Сол алқап осы шаруашылықтарды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Енді технологияға келсек, біз баяғы ата-бабамыз баққан әдіспен бағып келеміз. Бірақ ХХІ ғасырда қанша технология бар. Оларды енгізгеннің өзінде мемлекеттен көмек керек. Жер дегредацияға ұшырап жатыр. Оларды анықтау керек. Осындай мәселелерді ескерген жөн», – деді Қайырлы Омашев.

**Нұрбол ЖЫЛЫС,
Заң газеті**

Нашақорлық және есірткіге қарсы күрес әлем елдерінде қай кезде де өзекті мәселе саналып келеді. Ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіргеніне қарамастан, есірткіге есі кеткендердің қарасы азаймай тұр.



ҮМІТСІЗДІККЕ ЖЕТЕЛЕЙТІН

Есірткіге тәуелділікті жою мақсатында полиция қызметкерлері аянбай еңбек етуінің арқасында көптеген ауқымды іс-шара атқарылып, есірткі өсірушілер құрықталды. Ресми статистика көрсетіп отырғандай, нашақорлар мен есірткі таратушының жасы едәуір азайып келеді. Десек те, осыдан 10-12 жыл бұрын есірткі сатушының немесе есірткі тұтынушының бейнесі 30-40 жас аралығындағы көзге үйреншікті қылмыскер болса, қазіргі уақытта бұл әртүрлі әлеуметтік топтағы және 15 пен 25 аралығындағы жастар. Әрине, жастарымыздың есірткіге еліріп, жастық өмірінің қор болғаны жанымызды қынжылтады.

Үстіміздегі жылдың мамыр айында өткен Үкімет отырысында Есірткі және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жобасы жан-жақты талқыланды. Өйткені, соңғы жылдары есірткіні қолдану мен таратудың кең етек жаюы байқалады. Әсіресе, анашаның синтетикалық түрін пайдаланушылар қатары да, таратушылар да тез өсуде. Интернет, пошта қызметтері, цифрлық төлемдер және «бетбелгілер» сияқты заманауи әдістердің арқасында бұл препараттарға қол жеткізу, тіпті оңайлап кетті. Бұл дегеніңіз дистрибьюторлар мен сатып алушылар арасындағы ең аз физикалық байланысты қамтамасыз етеді. Ал осындай шаралар құқық қорғау органдары қызметкерлеріне осы әрекеттерге жауапты күдіктілерді табуда қиындықтар туғызып жатыр.

Түркістан облысының Полиция департаментінің полиция қызметкерлері есірткі және нашақорлықпен күресіп келеді. Алайда, қаншама есірткі өсірушілер мен есірткі тасымалдаушыларды құрықтаса да, осы қылмысты қайталаушылар саны азаймай тұр. Сарыағаш ауданында «Жібек жолы» шекара бақылау бекеті арқылы көрші Өзбекстан мемлекетінен Қазақстанға жауау есірткі алып өтпекші болған азамат құрықталды. Түркістан облысы Полиция департаменті баспасөз қызметі маманының сөзіне қарағанда, Сарыағашта аудандық полиция бөлімшесіне шұғыл хабарлама келіп түскен. Онда «Келли» атты қызметтік ит Өзбекстаннан Қазақстанға жаяу өтіп бара жатқан жолаушыға үріп, полицейлерге белгі берген. Полицейлер күмән тудырған азаматты тоқтатып, тексерді. Осы сәтте күдіктінің ұялы телефон қаптағышынан есірткіге ұқсас зат табылады. Сонымен қатар, осы шекарадан өтпек болған шетел азаматының әмиянынан да есірткі заты табылған. Алынған затқа сараптама жасалып, оның «гашиш» екені анықталды. Ұсталған азамат Өзбекстан тұрғыны болып шыққан.

Шетелден елімізге жұмыс жасап нәпақа табамын деп келген шетелдік азаматтар ебін тауып жастарымызға есірткі сатып, пайда табуда. Ал, осы кішкентай есірткінің салдарынан бір емес бірнеше адамның тағдыры талқандалуда.

Сондай-ақ, жуырда тәртіп сақшылары Жетісай ауданы аумағында жедел-профилактикалық іс-шара жүргізіп, есірткі заттарын заңсыз егуге және сақтауға күдікті жергілікті тұрғындары анықтады. Жедел уәкілдер үйдің ауласын тінту кезінде есірткі заты бар өсімдік түптерін тапты, ал моншасынан «кептірілген марихуанаға» ұқсас зат тәркіледі. Алынған заттай дәлелдемелер сараптамаға жіберілді. Қорытындыға сәйкес, есірткі затының жалпы салмағы 20 грамнан асатын марихуана болып шықты. Бұл факт ҚР ҚК-нің 300-бабы «Құрамында есірткі заттары бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру» және ҚР ҚК-нің 296-бабы «Өткізу мақсатынсыз есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен, олардың аналогтарымен заңсыз жұмыс істеу» бойынша тіркелді. Пайда тауып табысқа кенелемін деген қаншама адам құрықталуда. Десе де, осы жолды тандап үйінде есірткі затын егіп өсірушілер жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай бой көтеруде. Бір отбасының емес қаншама тағдырды талқандайтын есірткі затын өсіруге бейім болатындар жазадан құтыла алмайтындарын естен шығарып алса керек.

Жасыратыны жоқ, нашақорлық қоғам дертіне айналып отыр. Қаншама тағдырды талқандаған нәубетке жастардың көптеп шырмалып жатқанына көңіл жүдейді. Ең өкініштісі, күн өткен сайын есірткі тектес заттардың формасы түрленіп, мектеп жасындағы жеткіншектерге де ауыз сала бастаған. Бұл дертпен қоғам болып күресу қажет. Осыған орай құзырлы орындар мен білім басқармасы мектептер мен колледждерде тақырыптық дәрістер, тренингтер, семинарлар өткізу ісін қолға алды.

Заманның дертіне айналған есірткі бизнесімен күрес Мәжілісте де талқыланып жатыр. Бір топ депутат, әсіресе синтетикалық есірткімен күресуге қатысты 11 бастама ұсынды. Олардың пайымынша, уақыттың өзекті әрі қауіпті мәселелерінің бірі – ел аумағында синтетикалық есірткінің таралуына қарсы іс-қимыл шараларын жедел қабылдау қажет. Қайғы мен қасірет тудыратын бұл құбылыс жастарымызға ғана емес, жалпы қоғамымызға, мемлекетімізге кері әсерін тигізуде. Бұл өскелең ұрпақтың өмірін тез әрі аяусыз жойып, олардың жақындарын дәрменсіздік пен үмітсіздікке алып баратын ү.

Ресми статистикаға сәйкес, республикада тәркіленген синтетикалық есірткілердің саны жыл сайын артып келеді, бұл «дәстүрлі» есірткінің синтетикалық аналогтарымен белсенді түрде ауыстырылып жатқанын көрсетеді. Жастар арасында – 15 жастан 28 жасқа дейін синтетикалық есірткінің дәстүрлі есірткіні алмастырған қолжетімділігі мен арзандығынан танымал болуы ерекше алаңдаушылық тудырады. Негізінен бұл қылмыстарды 21 мен 29 жас аралығындағы адамдар жасайды.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ГЕНЕРАЛ НЕГЕ БОС ЖҮР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ел тәуелсіздігін алған 90-шы жылдары қазақ тілінде жоғары білім алу мүмкіндігі мемлекеттік дәрежеге көтерілді. Қылмыстық құқық пәнін жүргізген заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Роза Құлжақаева апайын өмірлік үлгі, ұстаз санады. Ол кезде тіпті, қазақ тілінде оқулық, әдістемелік құралдар жоқтың қасы болатын. Ұстазы жастарды осы қиындықтың бәрінен алып шықты, пәнді жақсы түсіндірді. Оның сыртында Роза Балбатырқызының «алдымен – адам, сосын – маман» деген ұстанымы оларды адамгершілік пен адалдыққа тәрбиеледі, талабы бар жасқа жол көрсетті, ғылымға талпынғандарға жетекшілік етті. Роза апайы жол-айрықта жүретін жастарға дұрыс бағыт көрсете білді. Қызыр болып кездесті. Мирлан Ахмедияұлы құқық қорғау органдарында бірнеше жыл милиционер, жедел уәкіл қызметтерін атқарған соң, ұстазының салып берген соқпағына оралды. Құқық қорғау саласында кадр дайындау ісі өзінің көңіл қалауы болатын. Осы саладағы мемлекеттік тілде кадр дайындаудың ғылыми мектебін қалыптастырған Роза Құлжақаеваның белді шәкірті болған ол, ұстазының ізін жалғады.

Мирлан Қызыловтың қалыптасу жылдары Қостанай академиясын басқарған кезімен тұспа-тұс келді. Мұндағы жұмыс столының бір шетінде аяулы ұстазы Роза Балбатырқызының суреті тұрар еді. Ол «жақсы адам ғана жақсы маман болады» деп ескертіп отырғандай сезінетін. Оқу ордасында жастарға әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасалмаса, ұлттық тәрбие мен халқымыздың ұлттық құндылықтары, тарихы айтылмаса, жастар бойында адамгершілік негізі

қалай қаланбақ? Қостанай академиясында курсанттар білім алатын дәрісханалар сұрықсыз, жатақхана да, оқу-тәжірибелік зертханалар мен полигондық кешендер де жөндеу көрмеген, көргенде көңіл күйзелетіндей кейіпте болатын. Жаңа басшы Мирлан Ахмедияұлы жұмысты дәретхананы ғимараттың ішіне салып, оны белгілі санитарлық стандартқа келтіруден бастады. Аз ғана уақыттың ішінде академияның ішкі-сыртқы көрінісі Қостанай қаласындағы өзге жоғары оқу орындарынан кем түскен жоқ. 2014 жылғы 9 желтоқсанда ІІМ Қостанай академиясына Шырақбек Қабылбаевтың есімі берілген болатын. Соған орай білім ордасында Алаштың ардақты ұлдарының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ішкі істер министрі, генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаевтың өмірі мен қызметін зерттеу қолға алынды. Академия ауласында еліміздің құқық қорғау саласы негізін қалағандардың бірі болған тұлғаның ескерткіші ашылды. Білім ордасы қабырғасына мемориалдық тақта ілінді. Оқу орнына Шырақбек Қабылбаевтың құжаттары, кітапханасы мен жеке қолданған заттарын әкеліп, музей жасақталды. Академиядағы осындай тәрбиелік маңызы зор, тағылымды жұмыстар арқылы жас ұрпақ Шырақбек Қабылбаевты жете тани бастады.

– Ұлттық идеология дегеніміз осыдан басталады. Халқымыздың биік тұлғаларын бүгінгі ұрпақ жақсы білуі керек. Олардың салып кеткен ізін де, ісін де жалғастырсақ, жастардың бойында елге, жерге деген патриоттық сезімді қалыптастыра аламыз. Ол елдің іргесін, тәуелсіздіктің тұғырын мықтайтын басты қаруымыз болмақ, – дейді Мирлан Ахмедияұлы. Бұл генерал



М.Қызыловтың шынайы бейнесінің бір тұсы ғана.

Бірде генералдан журналист «Бүгінгі полиция қызметкері қандай болуы керек?» деп сұрады. Жылтырақ сөз, жаттанды сұрақ дерсіз. Бірақ осыған кім қалай жауап берер еді? «Шыныққан, өзінің ісін жақсы білетін адам болуы тиіс» дер еді бәлкім. Генерал жауабында адамгершілікті алдымен айтты. «Адамгершілігі мол, мәдениетті, шыдамды, батыл, табанды, ұстанымы берік, кәсіби қабілеті жоғары полицей ғана қоғам тыныштығын сақтаудың, адамдар құқығын қорғаудың кепілі бола алады» деді.

Мирлан Ахмедияұлы полицияның орнын дәрігердің қызметіне теңейді. Дәрігер адамның ауруына байланысты диагноз қою арқылы, оның емін анықтап береді. Ал полиция қызметкері қоғамда болып жатқан құқық бұзушылықтың құқықтық бағасын беру арқылы, оның алдын алу мен болдырмауға қатысты іс-шара қолданады. Дәрігер білім алу арқылы

адамды ажалдан арашалайды. Ал полицей жан-жақты тәжірибенің арқасында біліммен кәсібиліктің биігіне көтеріле алады? Өзі отставкаға кеткен жылы еліміздегі ІІМ қарайтын академиялар оңтайландырылып, бакалавриат оқымай-ақ, полицейді кәсібіне үш ай ғана дайындау қолға алынды. Осы кезде шырылдап, тиісті орындарға, Президентке дейін құқық қорғау органдары қызметкерлерін бұлай аз уақытта дайындау болашақта дұрыс нәтиже бермейтіндігін, «арзан полицей қоғамға қымбатқа түсетінін» әлденеше дәлелдеп жазды.

– Жұмыс барысында халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін АҚШ, Түркия, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Малайзия, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде іссапарда болдым. Мұнда кәсіби полицейлік білім беру жүйесі қалыптасқан. Ал бізде соған жеткілікті мән берілмейді. Полицейді жол-жөнекей дайындауға болмайды, – дейді Мирлан Ахмедияұлы. Ақырында асығыс жасалған реформа мемлекетке ешқандай нәтиже бермеген соң, биыл құқық қорғау саласындағы жоғары оқу орындарына бакалавриат қайтып оралды. Генералдың сөзі де, ісі де расқа айналды.

Осыдан 5-6 жыл бұрын генерал Мирлан Қызылов сот жағалап, әділет іздеді. Әрине, өзінің кінәсі де, күнәсі де жоқ еді. Ол тек ата-анасыз, жетім өскен курсанттардың құқығын қорғауды азаматтық парызым, қоғамдық борышым деп біліп, қара терге түсті. Ол бұл мәселені 2017 жылы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясын басқарып жүргенде-ақ көтеріп, онда «ҚР Ішкі істер органдары қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақыларды және өзге де төлемақыларды төлеу қағидаларын бекіту туралы» ІІМ 2014 жылдың 14 қарашасындағы №808 бұйрығына өзгеріс енгізуді ұсынған болатын. Бірақ «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» дегендей, көтерген мәселені құлаққа ілген жан болмады. Генерал да кейін шегінбеді. Әділеттікті талап еткен хаттарын қайда жазбады дейсіз. Қысқасы, Білім және ғылым министрлігіне қарасты білім беру ұйымдарында оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек беріледі

де, олардың Ішкі істер министрлігіне қарасты жоғары оқу орындарында оқитын тағдырластары мемлекеттің мұндай қамқорлығынан мүлдем шет қалған. Министрліктегілер Мирлан Ахмедияұлының хаттарына берген жауабында басқа курсанттармен бірге оларға арнайы форма берілетінін көлденең тартқан. Әлеуметтік жәрдем мен курсанттың арнайы формасын ажырата алмай отырған жоқ, тиісті органдар сырғытпа жауаппен бұл мәселені бір-біріне лақтырды. Ақыры генералдың әділет үшін шырқыраған дауысы орталық басылымдағы мақаласы арқылы Президент назарына ілікті. Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 15 наурызда «Өзекті мәселе, жүйелі түрде шешу керек» деген нұсқау жазып, бірқатар мемлекеттік орган басшыларына тапсырма беруінің арқасында ғана сең қозғалды, шешімін тапқандай болды. Міне, генералдың адамгершілік биігіндегі азаматтық ұстанымы осындай!

Генерал Мирлан Қызыловтың қазақ тілі – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудегі белсенділігі өз алдына бір төбе. Ол мемлекеттің бір рәмізі қазақ тілінің өмірдің барлық саласында қолданыс аясы кеңіп, адымы ашылғанда ғана тілдің де, елдің болашағы айқын болмақ деп біледі. Ал ұлттың ұлт болмағы да, жоқ болмағы да қазақ тілінің тағдырына байланысты. Құқық қорғау саласына арналған қазақ тіліндегі оқулық, әдістеме жазуға атсалысуы да тілге деген жанашырлығы болатын.

Мирлан Ахмедияұлы ердің жасы елудің қақ ортасына келді. Тәуелсіздік тұғырын нықтауға қандай қиындықтан да бас тартпайтын, елі үшін қызмет ететін жаста. Сымдай тартылған жігіт ағасы бәйгесін күтіп, тұяғымен жер тарпыған арғымақтай, нағыз бабында – білімді, білікті, ең бастысы, құқық қорғау саласында жинаған бай тәжірибесі бар. Мұндай мамандар жерде шашылып жатқан жоқ. Елімізде көптеген келеңсіздіктердің орын алып жататыны басшының бос белбеулігінен екені көп сөзді керек етпейді. Ал генерал Мирлан Қызылов отставкада бос жүр...

Нәзира ЖӘРІМБЕТ,
журналист, Ақпарат
саласының үздігі

ҚАРАШАҢЫРАҚ

ЖАСТАРДЫҢ ТАҢДАУЫ - ҚазҰУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстанның байырғы жоғары оқу орны. Тоқсан жылдық тарихы бар университет Орталық Азиядағы «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» артықшылығын алған бірден-бір жоғары оқу орны. Бүгінде білім ордасында 16 факультет, 67 кафедра, 8 ҒЗИ, 29 ғылыми орталық, 3 мыңнан астам оқытушы қызмет етуде. 23 мыңнан астам студент, магистрант пен докторант білім алатын университетте әлемнің 50 елінен келген шетел азаматы шәкірттер қатарында жүр.

ҚазҰУ әлемнің үздік 2000 университеті кіретін Best Global Universities рейтингіне енгізілді. US News есептемесінің қорытындысы бойынша барлық жоғары оқу орындары, оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғаламдық бағалау, ғаламдық зерттеу беделі, аймақтық зерттеу беделі, жарияланымдар, кітаптар, конференциялар, дәйексөз келтірудің барлық қалыпты ықпалы, жарияланымдар жалпы санынан алынған пайыз, халықаралық ынтымақтастық, дәйексөз жиі келтірілетін мақалалар саны сияқты 13 көрсеткіш бойынша бағаланады. Осындай халықаралық рейтингте үздіктер қатарына ілінгендіктен ҚазҰУ-да оқуды жоспарлайтын шетелдік студенттер саны ұдайы өсуде.

Қазақстанның үш жоғары оқу орны университеттердің әлемдік рейтингісіне енді. Олар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, одан кейін Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (1201-1500) және Satbayev University (1501+). 2023 жылға арналған Times Higher Education әлем уни-

верситеттерінің рейтингі 104 ел мен аймақтың 1799 университетінің қызметін талдады. Times Higher Education университеттердің әлемдік рейтингісі – бұл тиімділіктің жалғыз ғаламдық кестесі, онда барлық негізгі міндеттер бойынша зерттеу университеттері бағаланады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» БҰҰ Ғаламдық хаб бағдарламасына (UNAI) жетекшілік етуін жалғастырып келеді. Университет Ғаламдық хабты 2014 жылдан бастап басқарады. Бұл, сөз жоқ, ғаламдық мәселелерді шешудің халықаралық үдерісінде басты ойыншының бірі ретінде Қазақстанның рөлінің күшеюіне ықпал етеді. Университеттің осы бағыттағы көпжылдық жоспарлы жұмысы, оның жетістіктері мен ғылыми-білім әлеуеті БҰҰ таңдауына түрткі болды. Бұл беделді халықаралық ұйымның жоғары сенімінің, адамзат өркениеті дамуының ғаламдық діңгегі болып табылатын тұрақты даму саласындағы жоғары оқу орнының

көшбасшылық рөлінің нақты айғағы.

2011 жылы ҚазҰУ Орталық Азия университеттерінің арасында алғашқы болып адам құқығына, сауаттылыққа және жанжалдарды шешуге қатысты БҰҰ-ның бүкіл әлем мойындаған он қағидатын қолдауға бағытталған «Академиялық ықпал» бағдарламасына қосылды.

Akademie Ranking of World Universitu – Eurasian Standart (ARES) беделді Еуропалық рейтингісінің мәліметі бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «AA+» жоғары бағасын алып, жетекші еуропалық университеттердің қатарына кірді. ARES халықаралық рейтингін 2011 жылдан бастап Еуропалық ғылыми-өнеркәсіп палатасы өткізеді. ARES нәтижелері жылына екі рет шығарылады, оларды әлемнің жетекші рейтингтік агенттіктері назарға алады. 2018 жылдан бастап ҚазҰУ «AA+» деңгейіне жетіп, өз нәтижелерін айтарлықтай жақсартты. Бұл жайт оның көшбасшылық орнының нығаюынан және академиялық ортадағы оның

беделінің артуынан айқын көрінеді. Рейтинг жоғары оқу орындарын ғылыми-инновациялық қызмет, оқыту сапасы, цифрландыру деңгейі, түлектердің қажеттілігі, халықаралық мойындалу, студенттер мен оқытушылардың академиялық жинақылығы сияқты көрсеткіштер бойынша бағамдайды. Сондай-ақ, университеттің халықаралық рейтингтер мен академиялық қоғамдастықтағы жағдайы ескеріледі.

Осындай беделге, биік стандартқа сай болғандықтан білім алатын студенттер санының 23,3 мыңға дейін өскені байқалады. Бұл өзгеріс тек мемлекеттік грант бойынша ғана емес, шарттық негізде де жалғасуда. Өйткені студенттердің гранттық негізде 75%, шарттық негізде 25% оқиды. Білім беру бағдарламалары жандандырылды, білім алушыларды даярлау 542 білім беру бағдарламасы бойынша іске асырылады. Өнертапқыштық пен моделдер үшін 300 патент және авторлық куәлік алынды. Рейтингтік басылымдарда жылына ғылыми жарияланымдардың саны ұлғайды. Осылайша ҚазҰУ 90 жылдық мерейтойына еселенген күш-жігермен, жаңа табыстар мен жетістіктермен қарсы алуға бел шешіп отыр.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры

А.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ журналистика факультетінің аға оқытушысы

КӨЗҚАРАС



ЗАҢНЫҢ МЫҚТЫЛЫҒЫ - АТЫНДА ЕМЕС, ӘДІЛДІГІНДЕ

Азаматтың міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені, заң дегеніміз – тыныш, жайлы өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы – атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсатының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Дүниеге келген сәттен бастап өміріңнің соңғы күніне дейін күресіп өтесің. Әрбір басқан адымыңа сенімді болу үшін бүгінгі күні білімің жетік болуы тиіс. Әсіресе, заңды білу шарт. Осындай қарбалас заманда өз құқығымызды қорғай алмай жататынымыз өтірік емес. Ойлап қарасақ, бүгінгі күні ата-анамыз: «Шаман келсе, заңды оқып ал, сонда ғана өзгеге жем болмайсың» деп жатады. Астарын ақтарып жатпасақ та, белгілі жайт. Өз құқығын білмегендіктен қор болып жатқандар аз емес. Тіпті, заңнан хабары жоқ халық құқық пен заң сөзін естісе, басын ала қашады. Мұның да себебі – сауатсыздық.

Сондықтан азаматтар өз құқығын жете білуі, уақыт ағымына сай заңдарда орын алған өзгерістерге мән беріп, қызығушылық танытуы керек. Себебі, біздің өз құқығымыз бен заңды жетік білуімізден жауапкершілігіміз туындайды. Әрине, сауатты арттыру бір күннің шаруасы емес. Бұл үлкен ізденісті, ыждаһаттылықпен қатар, сабырлылықты талап ететін бейнетті іс.

Дана ҰЗАҚ,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті «Журналистика» мамандығының 2-курс студенті

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Достық үйінің ғимаратында Жайық өзенінің «Жайық (Яик) өзені бассейнінің татарлары тарих және қазіргі заман» атты ІХ Еуразиялық ғылыми-өлкетану форумының ІІІ кезеңі өтті. Форум Орынбор қаласының 280 жылдығы, Татарстан Республикасындағы Ұлттық мәдениет пен дәстүрлер жылы аясында ұйымдастырылып отыр. Жиынға Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекетаралық қатынастар шеңберінде дүниежүзілік татарлар конгресінің өкілдері қатысты.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ



Маңызды шараға БҚО ҚХА этномәдени бірлестіктері мен құрылымдық бөлімше төрағалары мен өкілдері, ғалымдар мен өлкетанушылар, мұражай қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, облыстың зиялы қауым мүшелері, дін, ардагерлер және жастар ұйымдарының өкілдері, БҚО әкімдігі Қоғамдық даму басқармасының және «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері, сондай-ақ БАҚ өкілдері келді.

Форум аясында Орал қаласына келген Ресей Мәдениет министрлігінің Өлкетанушылармен жұмыс жөніндегі комитетінің басшысы, академик, профессор А.А. Бурханов бастаған ғылыми-өлкетану десантын ЖКТ Ұлттық Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасының татарлар мен башқұрттар қазақстандық конгресі республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тауфик Кәрімов және Орал қалалық «Татар мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Миликеева Флюра Ириковна қарсы алды. Түрлі-түсті татар, қазақ киімдерімен және ұлттық тағамдармен қарсы алған жылы жүзді кездесуден-ақ қазақстандықтардың ерекше қонақжайлылығы бірден байқалды.

Мәртебелі меймандар жоспар бойынша алғашқы күні Орал қаласындағы мұражайларға, мешіттерге, ақын Ғабдолла Тоқай мен А.С. Пушкиннің ескерткіштеріне және татар мәдени орталығына барды. Осы орайда татар халқының ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайдың ұзақ жылдар Орал қаласында тұрып, шығармашылық кезеңін осы шаһарда өткізгенін айтып өткен абзал.

Форумның келесі күні Достық

руға, бірлескен іс-шараларға қатысуға тілек білдірді. Шынында да, екі елдің ынтымақтастығы, тарихи-мәдени байланысы мен достығының ұрпаққа үлгі боларлықтай дәлелдері жеткілікті. Ғылыми-өлкетану десантының басшысы А.А. Бурханов Қазақстан халқына және Батыс Қазақстан облысының әкімдігіне жылы қабылдағаны үшін шынайы алғысын жеткізді.

«28-29 қыркүйекте Орынбор қаласынан бастау алған форум бүгінде Орал қаласында жалғасын тауып жатыр. Ыстық ықылас-пейілдеріңізге шынайы алғыс сезімімізді білдіреміз. Айта кетейік, Жайық өзенінің «Жайық (Яик) өзені бассейнінің татарлары тарих және қазіргі заман» атты ІХ Еуразиялық ғылыми-өлкетану форумының ІІІ кезеңі бұған дейін Қазан, Уфа, Томск, Омбы, Свердлов, Нижегород облыстары мен Мордовия Республикасында өткен форумдардың жалғасы ретінде өткізілді. Шара барысында елді мекендерді, тарихи-мәдени құндылықтар мен тарихи ғимараттарды сақтау, ескерткіштер мен мемориалдық тақталарды ашу мәселелерін талқыладық. Сонымен қатар Жайық пен Сакмар өзендері арнасының кебуі мен таяздануы



үйінде өткен дөңгелек үстел баысына жиналғандардың барлығын Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Хаберұлы Нарымбетов жылы қарсы алып, ізгі тілегін білдірді. Дөңгелек үстелдегі кездесу барысында қазақ және татар халықтарының тарихы туралы айтылған мазмұнды әңгімелер қатысушылардың, соның ішінде өлкетану ісімен айналысатын жандардың қызығушылығын туғызды. Әсіресе, Батыс Қазақстан облыстық «Атамекен» балалар мен жасөспірімдер туризмі мен экологиясы орталығының директоры Құрымбаев Айбулат Шамұратұлы Орынбор облысының Белявск ауданында орналасқан «Дәрігердің қабірі» нысанын танып-білуге айрықша қызығушылық танытты.

«Нажиб Жигановтың халықаралық шоқжұлдызы» жеке қорының президенті С.В. Тенишева меймандардың баяндамаларында қамтылған ақпараттармен бөлісуді өтінді. Өзара пайдалы ақпаратпен, жинақтаған тәжірибелерімен бөліскен екі елдің өлкетанушылары достық байланыстарды жалғасты-

мәселелерін көтерді. Баяндамашылар тарихта елеулі із қалдырған халқымыздың батырларына назар аударды. Осынау маңызды шараға татар халқының жалынды ақыны Мұса Жәлилдің қызы Люция Жәлеванованың сонау Санкт-Петербургтен арнайы ат арытып келуі біз үшін үлкен мәртебе болды. Люция апайдың ана тілін ұмытпай, әкесінің шығармаларын татар тілінде оқып беруі де бізді ерекеше қуантты.

«Тарихымызды сақтап қалу өз қолымызда! Ол үшін бар мүмкіндікті пайдаланып, жас ұрпақтың санасына сіңіре білуіміз қажет», – деді ол өз сөзінде.

Басқосу соңында форум қатысушылары Бақытжан Хаберұлының өтінішімен Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әнін қосыла шырады.

Шара аяқталған соң алдын ала жасалған жоспар бойынша форумға қатысушы өлкетанушылар ежелгі Сарайшық шаһары мен Атырау қаласына саяхатқа аттанып кетті.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ШАРА

«ОТАНДАСТАР» ФОРУМЫ ӨТТІ

Астанада 40-тан астам елдегі қазақ ұйымдарының басшылары, белсенділері, жанашырлары және шетелдегі ғылым, білім, мәдениет, бизнес, медиа, саясат сынды басқа да салалардың көрнекті өкілдері мен белгілі қайраткерлерінің басын қосқан «Отандастар» форумы өтті.

«Ата-бабамыз қашанда елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып шешкен. Осы орайда шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылаудың маңызы зор. Қай мемлекетті мекен етсе де, қазақтың бір ғана тарихи Отаны бар, ол – Қазақстан. Сондықтан біз шетелде тұратын бауырларымызды қолдауға қашанда баса мән береміз. Олардың Атажұртқа қоныс аударуына барлық жағдай жасалған. Қазақстан азаматтығын және қандас мәртебесін алу тәртібі жеңілдетілді. Шетелдегі қазақ кәсіпкерлері үшін «Ата жолы» картасы енгізілді. Басқа да маңызды жұмыстар атқарылуда. Қандастармен қарым-қатынасты дамыта түсуге бағытталған осындай шаралар жалғаса береді», – деген Мемлекет басшысының құттықтау сөзін ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев оқып берді.

Форумды ұйымдастырған «Отандастар қоры» КЕАҚ президенті Абзал Сапарбекұлының айтуынша, Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Шетелдегі қандастарымызбен тығыз қарым-қатынас орнатып, рухани байланысты нығайта береміз. Бұл мәселе – менің жеке назарымда» деген болатын. Осыған орай «Отандастар қоры» соңғы екі жылда Германияда, Ресейде, Өзбекстанда, Моңғолияда қандастарымызбен кездесулер өткізіп, іргелі мәселелерді талқылауға ұйытқы болды. Бүгінгі жиын соның Атажұрттағы жалғасы деуге негіз бар. Оның басты мақсаты – отандастарымызға ортақ диалог алаңын ұсыну, іргелі елдік мәселелерді бірлесе талқылау, сырттағы қандастарымыздың әлеуетін ел дамуына тарту және тәжірибе алмасу.

Онда Қытай Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қытай халық жазушысы, Қазақстанның құрметті жазушысы Әкбар Мәжит: «Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдениет, әдебиет, өнер, білім, оқу саласындағы байланыстарды жандандыру, жаңарту қажет. «Отандастар қоры» шетелдегі қандастарымыздың шығармаларын қазақ тілінде шығаруды қолға алғанын құптаймыз, себебі Қытайда белгілі, беделді, қаламының желі бар ақын-жазушылар жеткілікті. Шетелдегі талантты қазақ ақын-жазушыларының мерекелі, айтулы күндерін де Қазақстанда атап өтіп, оларды мемлекеттік әдеби сыйлықтармен марапаттау қажет», – деді. Ал Моңғолия Ұлттық

ғылым академиясының академигі Бәкей Ағыпар Өскемен-Өлгий арасында әуе жолын ашып, Өлгий қаласында Қазақстан елшілігінің Консулдығын орнатуды ұсынды. Сонымен қатар «қазақ тілді мектептер мен кітапханаларға қазақ тіліндегі қажетті кітап, оқулықтар беру, ұлттық театр, радио, теледидар мекемелеріне материалдық-техникалық көмек беріп, қолдау көрсету, Ұланбатыр қаласында «Қазақ мәдениет орталығын», қазақ тіліндегі балабақшалар ашу, Қазақстанның жоғары оқу орындарының филиалын және де қазақ, моңғол, ағылшын тілінде білім беретін халықаралық мектеп-интернат ашу» ойымен бөлісті.

Өзбекстанның Табиғи ресурстар министрінің кеңесшісі, Ұлы Мәжіліс экс-депутаты Расул Көшербаев: Өзбекстанда 30 жылдық тарихы бар Қазақ ұлттық мәдени орталығына Қазақстан тарапынан жаңа ғимарат салып беру, Өзбекстанда қазақ тілінде білім беретін мектептерде физика, математика, химия, биология сынды пәндерден қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдер дайындауға көмек көрсету, Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсемін деген шетелдегі қазақ жастарына Ұлттық бірінғай тест тапсырудың орнына бөлек арнайы емтиханмен қабылдау немесе тіпті емтихансыз, әңгімелесу немесе жеңіл тест тапсыру арқылы қабылдау, екі елдің жоғары оқу орындарының дипломдарын тану, яғни нострификациялау процестерін ынтымақтаса отырып жеңілдету мәселесін шешуді қозғады.

АҚШ-тың Google компаниясында қызмет атқаратын жерлесіміз Арай Сабыржан «шетелдіктерді қайтару үшін қолдау мен ақпарат беретін қазақстандық органдармен және компаниялармен байланыс орнату, Шетелдерде қазақстандықтардың мүдделерін көрсете алатын кәсіби қауымдастықтар мен бірлестіктер құруға қолдау көрсету, Қазақстанда жобаларды іске асыру үшін қажетті дағдыларды дамыту мен гранттарды тарту үшін мамандандырылған Білім беру бағдарламалары мен курстарын құру, отандастарға қазақ мәдениетін, тарихын және тілін үйренуге мүмкіндік беретін түрлі білім беру курстары мен іс-шараларын дамыту, шетелде қазақ мәдениеті мен өнерін насихаттауға ықпал ететін мәдени зерттеулерді, сондай-ақ жасанды жобаларды қолдау», мәселелерін айтты.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі күрделі халықаралық жағдайда адамгершілік, мейірімділік, гуманизм сияқты құндылықтардың маңыздылығы артып келеді. Адамзаттың алдында тұрған іргелі сын-қатерлерді еңсеру үшін халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру маңызды. Ол үшін бейбітшілік пен тұрақтылықты жақтайтын жаһандық күштерді біріктіру қажет. Қазіргі жағдайда рухани көшбасшылар үлкен рөл атқара алады. Әлемдік діндердің басшылары күш біріктіріп, адамзаттың жаһандық мәселелерін шешуге зор үлес қосатынына сенімдімін. Бүгін хатшылық отырысында осы және басқа да маңызды мәселелер талқыланады. Кездесу мазмұнды, әрі нәтижелі өтетініне сенімдімін» – деді.

Бұл диалог алаңының бірегейлігін Мәулен Әшімбаев та өз сөзінде атап өтті. Съезд форматы беделді саяси және қоғам қайраткерлерінің,

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАЙТЫН ЖАҒАНДЫҚ КҮШТЕРДІ БІРІКТІРУ ҚАЖЕТ

халықаралық ұйымдар басшыларының қатысуымен өтетін ашық және шынайы дінаралық диалог ретінде әлемдік дамудың өзекті мәселелерін жан-жақты қарастыруға, шиеленістерді, жанжалдарды шешуге шақыратынын жеткізді.

Конгрестің «өркениеттер қақтығысы» қаупін және діни негіздегі қақтығыстарды еңсерудегі маңызды үлесі де айтылды. Қазіргі қоғамның негізі, Мәулен Әшімбаев мәлімдегендей, мызғымас рухани-адамгершілік құндылықтар, толеранттылық пен диалог мәдениеті болуы керек. Дәл осылар жаңа әлемдік тәртіптің негізін құрауы тиіс және Әлемдік дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезінің қорытынды декларациясында көрініс табуы қажет.

Жиын барысында қатысушылар ел Президентінің тапсырмасы

бойынша дайындалған конгрестің 2023–2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын мақұлдады. Құжат конгресс пен БҰҰ институттары мен басқа да беделді халықаралық құрылымдар арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуді, серіктестер шеңберін және форум қызметінің географиясын кеңейтуді көздейді.

Сенат төрағасының айтуынша, тұжырымдамада форумның алдағы жылдардағы дамуының жаңартылған көрінісін ұсынады. Оның жобасындағы басты жаңалық – конгресс миссиясының кеңеюі. Әлемдік дін көшбасшылары бірігіп, жаһандық дағдарысты еңсеруге, қазіргі әлемнің мәселелері – кедейлік, теңсіздікті жойып, соғыстарды тоқтатуға үлес қоса алады. Өз кезегінде дін өкілдері де өз сөзінде қазақстандық форум

жұмысының ерекше маңыздылығын атап өтті. Діндер мен мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен келісімге қол жеткізу үшін діни және саяси көшбасшылардың күш-жігерін біріктірудің өзектілігіне назар аударды. Сонымен қатар, жиын барысында Хатшылық отырысына қатысушылар Қазақстанның мемлекеттік наградаларымен және съездің мерейтойлық медальдарымен марапатталды. Осы диалог алаңының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі үшін Кавказ мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Шейх Уль-Ислам Аллахшукюр Пашазаде II дәрежелі «Достық» орденіне және бірқатар қатысушылар «Шапағат» медалі мен съездің Құрмет грамоталарын иеленді.

Отырыстың қорытындысы бойынша коммюнике қабылданды.

Онда қатысушылар Діндер съезінің 20 жылдық табысты қызметі мен жасампаз рөлін атап өтті. Сондай-ақ, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін жасау және жаһандық қауіптер мен қиындықтарды еңсеру үшін күшті халықаралық қауіпсіздік қозғалысын құру қажеттігі жөніндегі идеясын қолдады. Бұл идеяны іс жүзінде жүзеге асырудағы елеулі қадам – Шанхай ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде Қазақстан ұсынған Әділ бейбітшілік пен келісім үшін Дүниежүзілік бірлік бастамасы екені мәлімделді. Сондай-ақ, отырысқа қатысушылар съезд хатшылығының келесі XXII отырысын 2024 жылдың күзінде Астанада өткізу туралы шешім қабылдады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ОРТАҚ МҮДДЕ

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Әрбір адамның өмірде толыққанды тұлға болып қалыптасуында құқықтық тәрбиенің алар орны ерекше. Тәрбиенің сан қырын қарастырсақ та құқықтық тәрбие, құқықтық сауаттылық көш ілгері болмақ.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ
ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Адам жақсы-жаманды отбасынан алып, оның қыр-сырын бойына сіңіреді. Өйткені, балалардың алғашқы өсіп-өнуі, қалыптасуы, әлеуметтік қарым-қатынас байланыстары, іс қимылдар мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі отбасынан басталады. Өнегелі отбасы баланың адамгершілік тұлғалық қасиеттерін белсенділікке, жігерлі, қайратты, адал болуға тәрбиелейді.

Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру – мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды.

Кейінгі уақытта жастар арасында құқықбұзушылық әрекеттері көбеюде. Соның ішінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы істелінетін қоғамдық жат қылықтар кеңінен етек жайып отыр. Өрімдей жастардың қылмыс жасауы үйреншікті көрініске айналып, елді

елеңдетуде. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.

Сондай-ақ, жасөспірімдердің қылмыс жасауының себептерін қарастыратын болсақ, ол кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады.

Жасөспірімдер қылмысы арасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық әдетті іске айналып бара жатыр. Сонымен қатар, жасөспірімдер зорлық-зомбылықты шегінен асырып жіберуде. Жасөспірімдер қылмыс жасау барысында адам өлтіру, ауыр дене жарақатын салып, қарақшылық жасауға дейін барады. Жастар арасындағы қылмыстар ер балалар мен қыз балалардың нашакорлыққа, таксомания және алкогольге құмарлықтарының көп байланысты.

Қазіргі таңда мастықпен жасалатын қылмыстар айтарлықтай жиі кездеседі. Соның ішінде кәмелетке тол-

мағандар арасындағы қылмыстар белең алған, онымен күресу үшін мемлекеттік органдармен байланыс орнату керек. Жастар арасында патриоттық сезімін, мәдени құндылықтарды дамытып, тәрбиелеу керек. Жастар арасындағы қылмыс – қоғам

ауруы, оны емдеу қажет және алдын алу шараларын қолдану керек. Әрбір отбасында ата-ана өсіп келе жатқан жасөспіріммен жақын сөйлесіп, оны мазалаған ойларын біліп, оның айналасындағы достары туралы хабардар болып, оның проблемаларын шешуге көмектесуі қажет. Осындай жағдайда жасөспірімдермен жасалатын қылмыстардың алдын алуға болады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы мен қылмыстық мәселесі қазіргі кезде тек құқық қорғау органдарын толғандыратын мәселе емес, бүкіл халқымызды ойлантатын мәселе. Ендеше келешек ғұмырымызды жалғастырар ұрпағымыздың тәрбиесімен, осы кезден бастап айналысып, жасөспірімдеріміздің болашағына дұрыс бағдар беріп рухани жан-дүниесін байытып, «елім, жұртым» деп тұратын азамат етіп өсірейік.

Б. ПАЗЫЛОВ,
Ақтау қаласының
әкімшілік құқық
бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
соты судьясы

БАСҚОСУ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ – ҚҰНДЫ ТАЛҚЫ

Жарқайың ауданы орта мектебінің акт залында жоғары сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен құқықтық сауаттылық мәселелері бойынша кездесу өтті.

Аудандық сот төрағасы Ғосман Рахымжанов прокуратура, полиция өкілдері және мектеп директорының қатысуымен оқушылар мен олардың ата-аналарымен «Есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік» және «Интернет алаяқтықпен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыпта-рында профилактикалық әңгіме өткізді.

Сот төрағасы тыңдаушыларға есірткі құралдарының зияны, олармен байланысты және кәмелетке толмағандарды тартумен жасалатын қылмыстардың түрлері туралы айтып берді. Прокуратура мен полиция бөлімінің өкілдері кәмелетке толмағандар арасында осындай қылмыстардың жасалуының және интернет алаяқтыққа байланысты қылмыстар өршіп бара жатқанын айтып, балаларды осындай келеңсіздіктерден сақтандырды.

Кездесуде ата-аналар мен оқушылардың барлық сұрақтарына жауап берілді.

Жарқайың аудандық соты
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

КИЕ

МӘНГІЛІК ЕЛ
ТІЛІМЕН ЖАСАМПАЗ

Тіл – қандай ұлтта, қай елде болсын әрқашан қас-терлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге дариыды. Тіл – әрбір елдің жаны. Тіл ынтымақтастық бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны мен ары. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі, салт-дәстүрдің одан әрі дамуы, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың бет бейнесіне айналады.

Тіл туралы жазу, ол тура-лы айтудан қашпау да, жа-лықпау да керек. Себебі, тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық бол-мыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Себебі, қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатарына – қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқан тілдер кіреді. Оған сол ұлт-тың не халықтың жойылып кетуі тікелей себеп болады. Алаш арыстары «Ұлттың сақталуына да, жоғалуы-на да себеп болатын нәр-

сенің қуаттысы – тілі» деген ұлағатты сөз қалдырған, қа-зақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен.

Мақсаты – сан ғасырлық құндылықтарды сақтау. Осы арқылы халық өзіне кере-гін алып, білім қоржынын кеңейтеді.

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет бо-лып өмір сүре алмайды. Жер бетіндегі әрбір халық тәуел-сіздікке ұлттық қадір-қаси-етін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалуға ұмтылады. Сондықтан, қазақ тілінің

тарихы әртүрлі кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқы-ның тарихымен тығыз бай-ланысты. Әлемдегі мүйізі қа-рағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз – өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгер-ген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайтыны рас. Қазір-гі таңда мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруда. Барша жастарымызды бір мақсатқа, ортақ мүддеге жұмылдыратын елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін! Көк туымыз желбіреп, айбынымыз асқақтай берсін!

Арыстан ҚАЛДАРБЕКОВ,
Жетісай ауданаралық
сот актілерін орындау
бөлімінің басшысы-
аға сот орындаушысы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

МЕМЛЕКЕТ
АЙНАСЫ



Мемлекеттік қызмет-мемлекет қызметінің бір саласы және мемлекет – қызметшілерінің мемле-кеттік органдардағы биліктің міндеттері мен функ-цияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі.

Қазақстанда мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен атқарылуы келесі прин-циптерден негіз алады: заң, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы, азаматтар құ-қықтарының, бостандықта-рының және заңды мүдде-лерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығы, республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге ұмтылуы.

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық не-месе жергілікті бюджеттер-ден не ҚР Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқа-ратын және мемлекеттің мін-деттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауа-зымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан азаматы. Мемлекетті тиімді басқару үшін мемлекеттік қызметшіде болуға тиісті негізгі қасиет-тер – моральдық жоғары жа-уапкершілік, кәсіптік білім, білімін тәжірибеде қолдана білу, адалдық, ақ ниет, бел-сенді өмір ұстанымы. Мемле-кеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыз-дылығын сезіне білуі және өз елінің патриоты болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік биліктің айнасы. Оның ар-ожданының биіктігін, әділетті, талантты ұйымдас-тырушылық қабілетін қоғам

бағалайды. Халық сенімі мем-лекеттік қызметшінің мемле-кеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаяды. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз ор-нында халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейтесті мәсе-лелерін заң шеңберінде ше-шуді талап етеді.

Мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Ол билік пен халық арасын байланыстырушы буын. Сондықтан да көп нәрсе оның кәсіби біліктілігіне, же-дел түрде ой қорытып, қандай да бір мәселелерді шешу жа-уапкершілігін өз мойнына ала білу дағдысын игергендігіне байланысты. Кез келген дең-гейдегі мемлекеттік қызметші лауазымы басқа мамандық тұрғысымен салыстырғанда мейлінше жоғары.

Мемлекеттік қызметші іс-әрекетіне жауаптылықпен қарап, жоғары орындаушы-лық, өзіне, әріптестеріне талап қоя білу, тәртіп пен мүлтіксіз адамгершілік қаси-еттеріне ие болуы тиіс. Мем-лекеттік қызметшінің сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы, әдептілік-тің белгісі. Олардың мораль-дық-этикалық бейнесі мен кәсіби сапасына Қазақстан Республикасының мемлекет-тік қызметшілерінің Әдеп ко-дексі жоғары талап қояды.

Мемлекеттік қызметшілер-дің қызметтік әдепті сақта-уына мониторингті және

бақылауды жүргізу үшін әдеп жөніндегі уәкілдер енгізілді.

Әдеп жөніндегі уәкіл де-геніміз – қызметтік әдеп нор-маларының сақталуын қа-дағалайтын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқор-лыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі талаптары бұзылуының ал-дын алуды назарда ұстайтын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызмет-шілер мен азаматтарға кеңес беретін мемлекеттік қызмет-ші.

Кез келген мемлекеттің жетістігі мен гүлденуі мемле-кеттік қызметшілердің тиімді және кәсіби қызметіне негіз-деледі. Осыған байланысты оны жетілдіру мәселелері-не мемлекеттің басшылығы тарапынан ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын мемле-кеттік аппарат жұмысының сапасы жақсарып, сонымен қоса қызметкерлерге қойы-латын талаптар да жоғары-лап отыр.

Қазіргі таңда елімізде мем-лекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға айрық-ша назар аударылып, көңіл бөлінуде. Бұл жағдайда мемлекеттік қызмет жүйе-сінің дамуы саяси жүйенің, экономиканың, қоғамдық қарым-қатынастардың қа-лыптасуымен, мемлекеттік басқару жүйесінің оңтайлан-дырылуымен тығыз байла-нысты. Кейбір адамдардың ойынша, мемлекеттік қызмет дегеніміз күніне 8 сағаттық жұмыс қана, ал шындығында мемлекеттік қызмет дегеніміз тәулік бойғы міндет пен жау-апкершілік. Олай болса, мем-лекеттік қызметкер болу – зор құрмет, ол халық пен мемле-кет арасындағы алтын көпір қызметін атқарып тұрғандай, бұл өте жауапты да, қиын және қызықты қызмет екені айтпаса да анық.

Адам құндылығына қызмет ету қашанда мерейлі екенін ойласақ, өз тағдырын сеніп тапсырып, кәсіби шебер-лік пен біліктілігімізге сенім артқан жандардың көңілінен шығу қашанда қиын. Қазіргі жаһандандудың өрелі биігіне қол созған кезде тәуелсіз елімізді өркендету жолында еселі еңбек ету басты мақса-тымыз.

Ш. ІДІРІСОВ,
Ақтөбе облысы
қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты
әкімшісінің бас маманы -
сот мәжілісінің хатшысы



сыйы да – тілінде. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілін дамыту, оның қол-дану аясын кеңейту, дамуы мен жетілуіне жан-жақты қамқорлық жасау бүгінгі күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі. Осындай мемлекеттік маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделік-ті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет.

Қазақ тілі қазақ халқының ғана емес, бү-гін Қазақстан мемлекетінің тіліне айналатын, мәртебесі мен мерейі үстем болатын күн туды.

Ж.ТАИРОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданарлық сотының бас маманы

ПӘРМЕН

Ұлттық менталитетімізге жат болса да, бүгінгі күні біздің қоғамымызда ажырасу көп. Балалы отбасылардың ажырасуынан кейін міндетті түрде алимент төлеу мәселесі шығады. Осылайша, алиментке қатысты істер саны да жыл санап көбейіп келеді.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ко-

дексінің 138-бабына сәйкес, ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Бұл міндетін атқарудан бас тартқан әке не ана әкімшілік, тіпті қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қазіргі ажырасқан ер адам өз баласына алимент төлеуден қашады. Себебі, біреулердің шын мәнінде алиментті төлеуге шамасы келмейді, жұмыссыз, тұрмысы тым төмен,

ал екінші біреулері небір айла тауып, жауапкершіліктен қашып жүреді. Әрине, қазіргі уақытта жалақының төмендігіне байланысты алименттің де баланың күнделікті тұрмыс қажеттілігіне жетіп-жетпеуі екіталай.

Бірақ, әке құшағын аңсап жүрген жазықсыз жасөспірімдерге алименттен гөрі, әкесі қымбат. Алимент екенің мейірімін алмастыра алмайды! Соны түсінбейтін азаматтыра

жұмыс жасамаймын, алимент төлеуге жағдайым жоқ» деп мейірімсіздігін, өз баласының тағдырына алаңдамайтынын аңғартады. Мұндай көзқарасты өзгертіп, әкелер жауаптылығын арттыру өзекті.

А.БЕКМУРЗИНА,
Шалқар аудандық соты әкімшісінің бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

29. Абай облысы денсаулық сақтау басқармасы «Семей қаласының №1 қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК Бақылау кеңесін енгізу және бақылау кеңесінің мүшелеріне конкурс өткізу туралы хабарландыру

Абай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қазандағы №959 «Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестері туралы» қаулысын орындау мақсатында және Ұлттық экономика министрінің «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығының нормаларын ескере отырып, «Абай облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-сі Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының №1 қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК-да байқау кеңесінің мүшелеріне конкурстық іріктеуді өткізеді: мекенжайы (занды және пошталық мекенжайы). индекс: 071400, Абай облысы, Семей қ. Кабельный переулок 1, телефон: 8/7222 309425.

Денсаулық сақтау саласында шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы **Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар** жоғарғы білімнің болуы, сондай-ақ төмендегі талаптардың бірі болуы керек:

1)денсаулық сақтау саласында немесе ұйымдастыру және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем болмауы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) кәсіпкерлік және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Бақылау кеңесінің мүшесі ретінде мына тұлғалар сайлана алмайды:

1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;

ӘРТҮРЛІ

8. «Medical Star - 01» ЖШС, БСН 230940031207, өзінің «Green Clinic» ЖШС-не, БСН 110340019261, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Беру актісімен танысуға сұраныс, сондай-ақ барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Хусейн Бен Талал көшесі, 25/1 ғимарат, индекс 010000. Тел.: 87015144701, электронды пошта: yerlanace@mail.ru.

9. «Green Clinic» ЖШС, БСН 110340019261, өзіне «Medical Star - 01» ЖШС-н, БСН 230940031207, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Беру актісімен танысуға сұраныс, сондай-ақ барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Хусейн Бен Талал көшесі, 25/1 ғимарат, индекс 010000. Тел.: 87014286938, электронды пошта: work-gb1@mail.ru

10. «Алматы облысының ауылшаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Илиирригация» ШЖҚ МКК (БСН 080740005347) өзінің «Алматы облысының ауылшаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматыоблводхоз» ШЖҚ МКК-на (БСН 221240042763) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке а/о, Байсерке ауылы, Набережная көшесі, 12-үй.

11. Ақтөбе облысы әкімдігінің 4.09.2023 ж. № 232 қаулысының негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақ көгершін» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК (БСН 150140018174) мен «Ақтөбе облысы білім басқармасының Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат жалпы орта білім беретін мектебі» КММ (БСН 970740001826) бірігу арқылы «Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би ауданындағы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша» КММ болып құрылып, қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Сарат а/о, Сарат ауылы, Жүргенов көшесі, 2-үй.

18. «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талғарирригация» ШЖҚ СШ МКК, БСН 080640017056, «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматыоблсшар» ШЖҚ МКК-на БСН 221240042763, қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 041604, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Шаяхметов көшесі, 32.

22. «Фонд краткосрочной ликвидности» АҚ өзінің «ФКЛ Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағым-талаптар осы хабарландыру

2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаны басқарған адам;
3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқығына бұзушылық жасаған;
4) бақылау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық қатынастардағы адам.

Құжаттарды қабылдау мерзімді конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң аяқталады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (ерікті нысанда);
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі резюме;
3) автобиография (ерікті нысанда);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғарғы білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмысшының еңбек қызметін нақтылайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орны басшылығының ұсыныстары) ұсына алады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгілей отырып, конвертке салады. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Содан кейін бұл конверт сыртқы конвертпен жабылады

Өтініштерді қабылдау мерзімі 2023 жылдың 13 қазанынан 2023 жылғы 11 қарашаға дейін. Конкурсты өткізу күні (уақыты) және орны: 2023 жылғы 11 қарашада сағат 10:00-де Абай облысы, Семей қаласы, Кабельный переулок көшесі №91 (конференц-зал).

жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Манас көшесі, 32А, 204-кеңсе.

27. «Отау 11» ОСИ бірлестігі (БСН 220640024777) төрағасының бір жылдық мерзімі өтуіне байланысты мөрдің күшінің жойылғанын хабарлаймыз. Мекенжайы: А 105 көшесі, 11-үй.
Хабарлаушы: Үй кеңесінің мүшелері Мурзабаева Карлыгаш Түребековна, Әзімхан Жанат Әзімханқызы, Ахметова Айнұр.

28. «Goldrive Properties» (Голдрайд Пропертис) ЖШС кредиторларының назарына!

«Goldride Properties» (Голдрайд Пропертис) ЖШС Тарату комиссиясы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, индекс 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, әл-Фараби даңғылы, 36, ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Тарату Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және «Goldrive Properties» (Голдрайд Пропертис) ЖШС-ның жарғысында бекітілген тәртіппен және мерзіммен тарату жүзеге асырылады. Кредиторлардың талап-өтініштері «Goldrive Properties» (Голдрайд Пропертис) ЖШС-нің тарату комиссиясы осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік екі ай мерзім ішінде жазбаша түрде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, индекс 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, әл-Фараби даңғылы, 36.

ТАРАТУ

2. «ЛОМБАРД ИНТЕР-БН» ЖШС, БСН 120240015732, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, «Шұбар» тұрғын үй алабы, Митченко көшесі, 36-үй, индекс 010000. Тел.: 87027622478.

3. «Профи Кадровик» ЖШС, БСН 120240013796 (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байсеитова көшесі, 40-үй, 20-пәтер), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, «Самал-2» ықшамауданы, Нұрлыбеков көшесі, 1281 үй. Тел.: 87019555765.

4. «Профи Консультант» ЖШС, БСН 080740020836 (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байсеитова көшесі, 40-үй, 20-пәтер), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, «Самал-2» ықшамауданы, Нұрлыбеков көшесі, 1281-үй. Тел.: 87019555765.

5. «Горнорудная компания «Кундыбай» ЖШС, БСН 060640007980 (Қазақстан, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Тауғұл 1» ықшамауданы, 59-үй, индекс 050042), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Элитлайф» ТК, Қажымұқан көшесі, 101-үй, А5 блок, 31-пәтер. Тел.: 87017790578.

6. «DIAMOND Ломбард» ЖШС, БСН 080440006828, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауыл-

дық округі, Чапаев ауылы, О.Исаев көшесі, 75-үй, индекс 050061. Тел.: 87057901776.

7. «Di Group Kaz Kor» шағын несие ұйымы» ЖШС, БСН 100340012034, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылдық округі, Чапаев ауылы, О.Исаев көшесі, 75-үй, индекс 050026. Тел.: 87057901776.

12. «GTOOnline» ЖШС (БСН 201140033648) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 010017, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Бұқар жырау көшесі, 36а-үй, 96-пәтер.

13. «KeyTel» ЖШС, БСН 031140008739, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қазыбек би көшесі, 110/39 үй, 61-пәтер. Тел.: 87052555222.

14. «СВАРОГ» ЖШС, БСН 081140012509, өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қазыбек би көшесі, 110/39 үй, 61-пәтер. Тел.: 87052555222.

15. «TV PLUS MEDIA» (ТВ ПЛЮС МЕДИА) ЖШС, БСН 090640019761 (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Полежаев көшесі, 92А үй, 407-кеңсе), өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 12г-үй, 37-пәтер. Тел.: 87073521653.

16. «Темір2023» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 230240019817, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 090809, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қоскөл ауылы, Абай көшесі, 6-үй. Тел.: 87771803358.

19. «Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімі Нахимов ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 570140000012, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс 021112, Қазақстан, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Нахимов ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 32.

20. «Конкрит Мобил» ЖШС (БСН 0404400022923) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Химпоселок, Южная Промзона, 1, тел.87019769739.

21. «Балқаш ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110540013160, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар жарияланған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 51 үй, тел.: 8(72773)91982.

23. «Sponge bob» ЖШС, БСН 210940035048, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжайда қабылданады: 050051, ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жансүгіров көшесі, 280 в, Тел.: +7 776 631 02 16.

24. «НИЗ-САМ-МУСТ» ЖШС, БСН 210340030144, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Ембі каласы, Әміров көшесі, 276, Тел.: 87712279025.

25. «СҮЙКІМДІ БӨБЕК» ЖШС, БСН 211040006480, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Үркер көшесі, 127-үй, индекс 161200 Тел.: 87025099471.

26. «Бегим Сулу» ЖШС, БСН 210940024131, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 2-үй, индекс 161200, Тел.: 87025099471.

МҰРАГЕРЛІК

17. 30.03.2022 ж. қайтыс болған азамат Қаттаубай Серіктің артынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер және барлық мүдделі тұлғалар мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С.А. Жұмадуллаеваға жолығуы қажет. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмірсіз ғимарат.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 **www.gazetyisaity.kz**, e-mail: vsgezazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көше-сі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (712) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке

БАЙҚАУҒА!

Мүлгіген қала түнін полиция машина-сының дабылы бұзды. Қызылды-жасылды жарығы бір бөленіп бастауын мензейтіндей. Жаңа көлік ыңыранып келеді. Бұл безек қаққан жедел қызметтің суыт жүрісі «102» телефонына жылапқы дауыспен көмек сұраған қыз қоңырауынан кейінгі көрінісі еді.

— Она умерла, она умерла... Қабанбай 12. Менің қатысым жоқ, она умерлааа! * * *

Телефонның арғы жағынан тіл қатып тұрған Аяулым еді. Жылай-жылай дауысы қарлығып, есінен айырылатындай маза-сызданады. Күні бойы жұмыста болған ол, кештетіп үйге келген екен. Әдетте қара құлып салынатын есік айқара ашық, «Лаура, үйдесің бе? Лаука, қайдасың?» — деп еді, ешкім қарсы жауап қатпады. Кезек-кезек бөлмелерді кезіп шықты, ешкім жоқ. Үй төрінде тұрған жуыну бөлмесіне жақындады. Ағып тұрған кран суының дауысын естіп, «Ой, сен осында екенсің ғой, неге үндемей-сің?» — деп бөлмеге енді.

— Ой, Лаука, мұның не? Лаука... Жылай берді, көз алдында тыр жалаңаш жатқан Лаура. Нақтырақ айтқанда, өлі де-несі су толтырылған ваннада жатыр. Қардай аппақ тәні қанқызыл су астында ағарандай-ды, көкпенбек. Қос анарындағы үрісіне дейін түссіз. Көзі аларған күйде кете барған. Жедел топ жетті. Жалғыз куәгер де, күдікті де — Аяулым. Шоштытып алмайын деді ме, қос тергеуші кезегімен, үзіп-үзіп сауал қойды. Аяулым өксіп тұрып білгенін баяндап берді. Бар айтқаны сол, жұмыстан келсе сұлап жатыр. Лаурада жанжалдасу, біреу-лермен жауласу деген болмаған. «Әзірше өз-өзіне қол жұмсау деп тіркейік, терең іс секілді», — деді Хамит. Асан да үндемей ба-сын шұлғыды. Бұл екеуі академияны кеше бітірген жас тергеушілер еді. Шылым шегіп тұрып, біраз ақылдасқан болды. «Жарайды кеттік, шефке барайық. Қалғанын өзі айта-ды», — деп мақұлдаты.

Лаураның көңіл-күйі де сырдың желін-дей, бірде қылт, бірде сылт. Жылауы да, күлпі де тез болатын. Алайда, адам баласы-ның көңілін табуға келгенде тым шебер. Со-нысымен ақылды, табыскер. Мансап жолы да соңғы жылдары өрге домалаған. Көрген адам мойнын бұрмай өте алмайтындай сұлу. Күн көрмеген ақ денесі, қыылған көзі, сұңғақ бойы, төгілген шашы, үзілгердей жіңішке бөлі, кең жамбасы, оқтаудай түзу аяғы еркек біткенді масайратпай тұрмайды. Жолында талай жігіт жорғалаған. Оны жақсы түсінетін бұл да, оларды талай керегіне жартатқан.

Қалаға алғаш келген ауыл қызын үлкен орта аса қонақжайлылықпен қарсы алмады. Бірінші курстан-ақ оқудан шығып қалды. «Түлкінің қызылдығы өзіне сор» демекші, бұны да құртқан сұлулығы. Көрсекызар бір оқытушы қызға тиіскен, Лаура көне қой-маған. Басшылыққа болған оқиғаны бүкпей баяндап бергенімен, әлгілердің ым-жымы бір болып шықты. Содан, «Қалауыма жығыл-майды екенсің, көресіңді көрсетемін» деген әлгі ағайы ізіне түсіп алды. Ақыры оқудан шығарып тынды. Бұл Лаураның үлкен өмір-дегі алғашқы ащы сабағы еді. Содан елге қайтуға намыстанды. Ауылдағы ата-анасы, «Қызым оқуда, білікті маған болады» деп тілеуін тілеп отыр. Өзі де, «Неде болса осында күнелту керек. Шегінуге болмай-сы» деген шешімге келген. Содан бері осы ұстаныммен баспаған тауы, бармаған бауы қалмады. Бір күн тоқ ұйықтаса, үш күн аш жүреді. Басынан сыйпайтын бір мұсылман табылмайды. Еден жуды, ыдыс тасыды, дая-шы да болды, базар кезді, жұмыс таппаған сәттерде көшеде көлік жуып, керек десеңіз жүк тасыды. Құдай да сорлыны қашанғы сынасын. Әлеуметтік желі беттерінде жары-са жазылған бір жарнама қыздың өмірін түбегейлі өзгертті. Айтуларынша, оңай әрі демде дәулетті болуға шақырады-мыс. Көп ойланбай телефонындаы.

— Алло, жұмыс бойынша хабарласып тұр едім. Қымыс сөйлесіп тұрмын?

— Иә, болашақ миллионер, сізді тыңдап тұрмын...

Бұл қоңыраудан кейін желідегілер жүз-десуге уағдаласты. Телефонмен тілдескен кісі Лаураға бәрін түсіндіріп беруге уәде етті. Айтуынша, командамен жұмыс істейді екен. Топқа адам тарту керектігін де айтты.

* * *

Арада бес жыл өтті. Баяғы жоқшалық емес Лаура қазір іскер әйелге айналды. Төрт құбыласы түгел, ұйықтаса түсінде көрмейтін кең үй, су жаңа көлік, ай сайынғы шетелдерге жасалатын саяхат дегеніңізді үйреншікті тіршіліктің бір бөлігі ғана болып қалған. Досы да, жолдасы да көп жанын-да. Қам көңілдің бір кемшілігі — ауылға ат ізін салмағалы көп болды. Ата-анасымен арасында ғана телефонмен сөйлеседі. Сон-дағысы бұл байлықтың бәрі қайдан келіп жатқанын түсіндіруге қыналады. «Пирамида арқылы ақша табамын, жұртты алдап күн көріп жүрмін» десе, ауылдағылар бұны оңдымайтынын жақсы біледі. Адалынан жеген астың тәтті болатынын әр кез ай-тып отыратын ауыл қазақтарының бұған көңілі көнши қоюы екіталай. Сондықтан, ағайыннан ауылын алты тіккісі келеді де тұрады. Жақында жалғыздықтан жалқыты ма, Аяулым деген қызды үйіне бірге тұруға алды. Бұл сыртта болғанда, үй шаруасын пысықтап қояды. Лаураға осының өзі жетіп жатыр. «Сен үйді жинап, ара-тұра тамақ әзірлеп тұрсан болды. Ештеңе төлемей-ақ қой», — деді. Аяулымға да сол керек еді.

Бұрыны бойжеткен қазір мүлде то-лысқан. Жас күніндегі сұлулық қушiemcece, аздайған қол, Әліге дейін жасын да, көрісін де көз қиымен-ақ құлатады. Еркек кін-діктіге зәру емес. Қазір қасында жанына жаққан екеу бар. Біріншісі — Шолақ, қала

базарларының иесі. Екіншісі — Марлен, әкесі прокурор. Жай прокурор емес, баласы үшін бәріне даяр басшы. Лаураның бұл екеуімен де ғашық болып, есі кеткендіктен жүрмегені белгілі. Өзі сөзінде, «Ай, сұлу әйелді сүю үшін оның каприздарын көтере алатындай болуың керек. Ондай болмаса сүюге қақын жоқ», — деп, қарқылдап күледі. Әлгі екеуінің де Лаураны сүйетіні шамалы. Құшқанды, тек нәпсі қалауын тояттандырғанды тәуір көреді. Қызық болғанда Шолақ жас ашына-сын кеше түні Марленмен іс үстінен ұстады. Жас жігіт ауыздығымен алысқан айғырша енді бас сала бергенде, кілт көзшесі кері бұралды. Аналарынан жаңа туылғандай жалаңаш екеуді көрген Шолақтың зығыр-даны қайнады. Бірақ амал аздау, аямайын десе ашынасы, қоя салайын десе қалағаны арамза болып шықты. Марленге де мәу дей қоятын шамасы жоқ. Өзін де, әкесін де жақсы таниды. Жұмыс жайымен талай жо-

бөлімшедегілерді тік тұрғызды. Баласының қарызы бүйірінен қысып, ішкені ірің, жегені желім болған ананың зары түсінікті. Енді жалғыз ұлын тергеуге шақырып тұр. Адам өліміне қатысты түсініктеме бересіз дегенде тіпті төбе шашы тік тұрды.

— Алашқа, қызда нең бар? Ақымақ ба-ланды тәрбиелеу керек еді. Анау өлді де қалды. Убийство үшін қанша жыл екенін білесің бе? Айт, кім істеді, қалай істеді? — деді Асан. Мұның бұл ісі кәділгі тергеу-шінің сұрағы еді. Бәрін көзбен көріп, біліп тұрғандай төтелеп келіп қойғанда талай қандықол өз қылмысын мойындаған еді. Ал апасы әлгі сұрақтан кейін екі рет талып тұрды. Айтуынша, қызды сол жолыққаннан кейін көрмепті. Шарасыз ана тіпті: «Бір ма-лым бар, соны қораларыңа байлап кетемін. Құлынымды құтқарыңдаршы», — деп тергеу-шілердің аяғына жығылды. Сондағы малым дегені әлгі сатқан сиырдың жетім бұзауы.

ІЗІ ЖОҚ ӨЛІМ



лығатынын біледі. Марлен десе бауыр етін бөліп беруге даяр прокурор баласының бір тал шашы түссе базарымен қосып итжеккен-ге айдатып жіберетінін де бұл жақсы біледі. Не керек, «Ай, қап! Салдақы» деп жүріп сабырға әрең келді.

* * *

— Тәк, айтыңдар, не болған дейді? — Жолдас бастық, кеше түнде қыз өлімі орын алды. Тырдай жалаңаш ваннада жатыр. Ешқандай зорлық белгісі жоқ. Ақ денесі деген «оууу» ғой. Фигура деп соны айт. Біздің қыздардыкі жай... Қайтпан тірілетін-дей болса қалағанын берер едім.

Асанның аңғалдықпен айтқаны бастығы-ның шамына тиді.

— Ей, тоқтап мына порнографиясы. Мен сенен істі сұрап тұрмын. Не істеп жат-сыңдар? — деді басшысы. Әрі қарай әңгімеге Хамит араласты.

— Шеф, қазір ақпарат жинап жатырмыз. Марқұмның есімі — Лаура. Өз үйінде өлі та-былған. Соңғы уақытта кіммен араласқанын зерттеп жатырмыз. Әзірше бірге тұратын Аяулым есімді қыз бар. Прокуратурадағы Жәкеннің баласымен, сосын базар иесімен тығыз қарым-қатынаста болған дейді.

— Оқи ма? Жұмыс істей ме?

— Қаржы пирамидаларының бірінде екен. Ол жақтағылар, «Қызда бәрі жақсы еді» дейді.

— Ана кемпір жайлы айтсай, — деп әң-гімеге Асан араласты. Хамит:

— Иә, олар бір кемпір жайлы айтты. Жақында кеңселеріне жылап-еңіреп бір кей-уана келген екен. «Қызым, құлын болайын, баламның ақшасын қайтаршы. Бұл көгергір-ге оқуынды төле деп қорамдағы соңғы сиыр-ды бұзауынан айырып, сатып беріп едім. Бұл болса саған беріпті. Тағы бір-екі ағайыннан қарыз алған ба? Олар қарызды қайтар деп мазамызды алуда, ауылға жүзіміңді көрсө-туден қалдық. Оқуынан ол шығып қалды. Сен де ана шығарсың, аналық ақ пейілмді берейін, қайтараршы ақшасын. Қарызын қайтарып, жалғызымның басын арашалап алайың» деп аяғына жығылған көрінеді.

— Тәк, бұл не деген? — Шімірікпестен есіктің шоқпапты.

— Ай, оңбаған! Сонымен?

— Әлгі бала ақшасын ала алмағандықтан бірдене ойластырды ма дейміз.

Асан әңгімеге тағы араласып:

— Бірақ, бір де бір ұру, соғу белгілері жоқ», — деді.

Үшеудің кіші жиналысы осылай аяқтал-ды. Әзірше күдікке қаржы пирамидасының құрбаны болған студент және Аяулым ілікті. «Асан, сен былай қыл. Әлгі студент баланы мамасымен қосып осында алдыр. Болған оқиғаға қатысты жазбаша түсініктеме ала-мыз. Аяулымда Лаураны өлтіретіндей себеп жоқ. Тегін үй, дайын ас кімге болса да ке-рек», — деді Хамит.

Ертеңгілік бөлімшеге студент пен шешесі келді. Зар илеген анысының даусы бүкіл

Студент мардымды ештеңе айтпады. Екеуін үйіне қайтарған қос тергеуші «Анасына обал болды, мына баласы таза меніреудің өзі. Аты-жөнін сауатты жазсашы. Бұл адам өлтірмек түгілі, өз басын зорға алып жүрген біреу», — деді түніліп.

Келесі күні жауапқа Марлен тартылды. Жасы жиырма бестердегі жігіт әлі күнге де-йін бір істі де ата-ана көмегінсіз бітірмейтін көрінеді. Бөлімшеге шешесін ертіп келіпті. Прокурордың әйелі болу оңай ма? Әлгінің анасы есіктен енгеннен «Сендер менің қуыеүімнің кім екенін білесіңдер ме?», — деп айқайлай аяқ басты. Арасында «балам, уа-йымса! Әкең бәрін реттейді!» деп қояды. Бұл сөз тергеушілерге ұнап қалды. «Мәсе-лені шешу үшін сол мәселеге ұлының қаты-сы болу керек қой, бір бәле шыкса осыдан шығады», — деді бір-біріне. Асан әдетінше: — Марлен, айтшы. Лаураны қатты жақсы көрдің ғой, — деді.

— Лаура деген кім? — деп осы арада ше-шесі киліге кетті.

— Сіздің ұлыңыз Лаура деген қызбен жүрген. Өзі сұлу. Бірақ, ол қыз Марленнен бөлек тағы бір азаматпен көңіл қосқан. Көршілерінің айтуынша, жақында Марлен мен жаңағы азамат кездесіп қалып, өзара келіспеушілік туындаған секілді. Сосын сіздің ұлыңыз Лаураны қызғанып осындай ауыр қылмысқа барған... Ал енді Марлен, сен айт, қалай өлтірдің?

Анасының тым күйбелектенгені, әлгі, «Әкең бәрін шешеді» деген сөзі Хамиттің көңіліне күдік ұялатты. Әдетте бұл секілді ақшаға құныққандардың ессіздігі көп бола-ды. Әкесінің облыс прокуроры екенін пұл-дап, ойына келгенін жасаған шығар деген күдік мазалайды. Мәселе бойлаған сайын ұшығып барады. Мұндайда екеуі шылым тарту бөлмесіне аяңдайды. Әңгімені Хамит бастады.

— Әкеңңң, қайдан тергеуші боламын дедім. Енді өлім неден болды деп, кім көрін-геннің төсегін көтереміз бе?

— Бауырым, маған сенші. Қылмыскер Марлен деймін. Академияда мұндайлармен бірге оқығанмын. Әкесі шенеуіңк, кез келген қуыстан суырып алады. Бұлар соған үйрен-ген. Сондықтан ойланбай қалағанын істейді.

— Асан, қойшы болды. Өткендегің анау, «Қыздың фигурасы андай, мына жері мын-дай» деп бастықтың алдында жер қылдың. Бұйте берсек шеф бізге маңызды істерді тапсырмайды. Жүресің ит-мысықтың ұр-лығын зерттеп.

— Шын айтамын. Марленді ұстап әкеп, подвалаға бір түсіріп алайық. Кішкене таяқ-тын дәмін татқызайық, сайрайды. Білем ғой бұндайларды.

— Асықпа, әлі жауап алатын адамдар бар. Әлгі базар басшысынан сөз суыр-тақтап көрейік. Өзі қылмысқа қатысты болмаса да, маңызды бірдене айтып қалар.

Ертесі азанмен қыз денесіне жасалған сараптама қорытындысы қолға тиді. Бас-

тығы үшеуі отырып талқылады. Айта қоя-тындай өлімге қатысты ештеңе жоқ. Тіпті, ажалы неден келгенін де таба алмаған. Бар білгендері Лаураның аяғы ауыр екен. Мәселе тіпті ұшықты, бала кімнен? Оқиғаға тағы біреу араласуы мүмкін бе? Сан сауал-дан үшеуінің де мазасы қашты. Аңғал Асан жазғанынан жаңылмай, ойсыздықпен тағы да сандырақтады.

— Былай болған. Бала базарскийдікі. Ашынасының бойына бала біткенін білген ол, кері шегінерге жол жоқ екенін жақсы түсінген. Сосын ойнасынан айырылмаудың амалымен оқиғаны айна-қатесіз бәйбішесіне баяндаған. Әрі өзінің де сұлу тоқал сүюге аңсары ауған.

— Тәк, Асан, созбақтамай турасын айт-шы. Не тоқал, не бәйбіше? Не айтып кеттің? — Шеф, мәселе осы тоқал мен бәйбіше арасында болып тұрған жоқ па? Базар иесі ауқатты адам, ертен тоқалы тұса, дүниені бөлісетіндер көбейеді. Ал, ол бәйбішесіне керек пе?

— Шынымен?!

— Иә, бәйбішесі — қылмыскер. Дүние-қоңызданып Лаураны өлтірткен сол. Кил-лерге тапсырыс беру тұк емес.

— Ммм... Өлім сәті қалай келгенін сараптама да анықтай алмай тұрған кезде киллер деген сөз бұларға майдай жақты. Іздің шеті көріне бастағандай. Әңгімеге біраздан араласпай, тек тыңдап қана отырған Хамит кірісті:

— Иә, бұны істеген кәсіби киллер болуы мүмкін. Қыз жалаңаш жатса да зорлық көрмеген. Көшеден кезіккен, біреу болса, нәпсіге ерік берер еді. Алдында тұрған сұлу қызды құшудан кім бас тартсын. Қылмыскер артын тазалауға жақсылап кіріскен. Мұндай шаруа әкі киллердің қолынан ғана келеді, — деді.

Хамиттің сөзін құптай кеткен Асан, «Так точно, мен болсам да солай жасаймын. Тіпті, өлі денесінің өзін көріп ойым кетті. Тірі кезінде құшқандар қандай бақытты», — деді. Диалог дүниәуи бағытта өрбііп кеткеннен кейін бастығы шарт тылды.

— Жетер, ойыңға айналдырғанды қой-ыңдар? Тәк, Асан, сен сенімдісің бе? Ертең нақақтан-нақақ біреуге күйе жаққандай болмайық. Біреудің тағдырымен ойнауға болмайды.

— Шеф, анық белгісіз. Бірақ күдігіміз соған саяды.

— Дегенмен, айтқаның ойға қонымды. Ертен базар басшысын шақыртыңдар. Сөзін бағыңдар, аузынан әйелі жайлы сөз шық-сын. Соның негізінде әйелімен де сөйлесіп көріңдер, — деді тергеу бастығы.

Ел арасында «Шолақ» атанып кеткен егде жастағы кісі бөлімшеге ертесі келді. Бір қолының білек тұстан жоқ екенін көрген жұрт «Шолақ» атап кеткен. Күнкөрістің қа-мымен жүрген ол кезінде құрылыс алаңында қолынан айырылған. Шын есімі — Сенім.

— Сенім мырза, бірнеше сұрағым бар, жауап берсеңіз, босссы, — деді Хамит. Көпті көрген Шолақтың алдында Асан тағы бір-денелерді сандырақтап айтып қояр деген оймен бұл жолы оны тергеуге қатыстыр-мады. Өзіне жолданған сауалға қатысты Шолақ:

— Не үшін мұнда шақырғаныңды түсі-немін. Менен күдіктенесің ғой. Лаура марқұм өз-өзіне қол салған ба? — деді.

— Мәселе қым-қуыт, бұлыңғыр. Өз-өзіне қол салды деуге толық негіз жоқ. Сараптама нәтижесі де санаға сыятын көп дүние айтып отырған жоқ.

— Несін жасырайын, Аллаға да, адамға да Лаура екеуіміздің жағдайымыз аян. Жақсы араластық, кейіннен прокурордың бөкмұрымымен ұстап алғаным болмаса, арамызда кикілжің болмады. Екеуіміз де өз керегімізді алдық.

Әңгімені әрі қарай төте сұрақпен жал-ғауды жөн көрген Хамит басшысы айтқан-дай әйелі жайлы сұрауға кірісті. Тігісін жатқыза сөйлеп:

— Әйеліңізге көңіліңіз толмады ма? Неге жас қызға әуес болдыңыз? — деді.

— Лаураны танытын адамдар оның мақ-сатқа жету үшін бәрін даяр екенін біледі. Іскерлік тағы бар. Менен бутик сұрады. Та-ныстық солай басталды. Оған кәсіп, маған қызық керек. Жарасып кеттік, — деді базар басшысы. Одан кейінгі сұрақтар тергеу ісінің тәртібі бойынша, «Ол кезде қайда бол-дыңыз?», «Лаураның үйінде болмағаныңыз-ды дәлелдейтін куәгерлер немесе факт бар ма?» деген секілді үйреншікті сауалға жалғасты. Оқиға Асан айтқан кинодағыдай өрбімеген секілді. «Шал шынын айтып отыр. Оған Лаураны өлтіруге немесе өлтіртуге се-беп жоқ. Екеуі де бір-біріне қажет болған. Марлен Шолаққа себеп емес. Бозбаладан қызғанып, кісі өлтіретіндей бұның да басы екеу емес», — деді Хамит.

Араға күн салып бұл екеуі басқаша амал-дап көрді. Марленге Шолақты, Шолаққа бозбаланы жамандады. «Сізге қарсы дәйек беріп отыр, оның айтуынша сіз өлтірген екенсіз. Лаура сізбен арақатынасыңыз дұрыс еместігін, қатты қорқып жүргенін айтыпты» деп, бір-біріне айдап салды. «Сасқан үйрек артымен сүңгідей» дейді ғой. Дейтұрғанмен, бұл амал да нәтиже көрсетпеді.

Қыз өліміне қатысты суыт хабар ауыл-дағы әке-шешесіне де жеткен. Шешесі қы-зының қазасын естігенде есінен айырылып, ауруханаға түскен. Әліге дейін толық өзіне келе алмаған көрінеді. Кейде бәрін ұмытып қалып, «Лаурам хабарласып тұр ма?» деп қал-жағдайын білуге барғандардан сұрайды екен. Әкесі де өлі мен тірінің арасында күн кешіп жүр. Естіген күннің ертесіне-ақ қалаға тартып тұрған. Күнде тергеу бөлімшесіне келіп Хамит пен Асаннан мән-жайды сұрай-ды. Тергеушілерге:

— Айналайыңдар-ай! Ең құрығанда марқұм қызымның сүйегін беріңдерші. Ауылына, туған топырағына апарып арулап көмейін. Әруағын сыйлаңдаршы. Қор бол-дың-ау, қарғам... — дейді.

— Көке, сабыр етіңіз. Әділеттілікке қол жеткіземіз. Қылмыскер жазасын алмай қоймайды.

— Ой, қайдағы әділет. Ақымақ басым-ай, «Папа, қалаға оқуға барамын. Жұмыс істей-мін. Кейін бәріміз сонда тұрамыз» дегеніне сеніп жүргенде, ауылыма сүйегін сүйретіп қайтпақпын ба? — деген әке маңдайын қос қолымен ұрғылайды. Хамит пен Асан үшін тергеу ісін жүргізумен қатар қан жұтқан әкесін жұбату да қосымша жұмыс болып алды.

Апта басында екеуін басшылары тағы жинады. Басшының қатұлы қабағынан бір келеңсіз жағдай болғанын байқау қиын емес. Мұртына дейін тікірейіп кеткен, ашу-лы.

— Тәк, енді ештеңе таппасаңдар, істі өз-өзіне қол салды деп жабыңдар. Қазір оқиға журналистер құлағына жеткен. Мик-рофонын асынған біреуі бастыққа барыпты. Сұрақтың астына алған көрінеді. Маған айтпағаны қалмады, іс қозғалыссыз тұра берсе, бәрімізге басқа жұмыс іздеуге тура келеді — деді. Асанға бұл ұнағанымен, Хамит қарсылық білдірді:

— Басеке, қалай жабамыз? Өзіне қол салатындай бір тамшы қан жоқ, асқазаны таза. Басқа да белгілер жоқ.

— Хамит, қысқарт!

Осыдан кейін екеуі амалсыздан бастығы-ның айтқанына көнген. Сол күні екеуіне де демалыс берді. Жұмбақ өлімнің жылы жабы-латынына Хамиттің көңілі толмады.

— Жақсы Асан, ертең жолығармыз. Бү-гінше мен демаламын. Үйде боламын, біраз өз-өзіме келіп алмасам. Қажықты мынауың.

— Бітті, бітті. Келістік, ертең телефонды көтермей қойма, — деді Асан. «Қылжақтық қаныңа сіңіп кеткен ғой», — деп Хамит та қоштасты. Жүрегі өлденені сезгендей, тілі «қан» деп қалғанда денесінен тоқ өткендей болды. Алайда ол кезде шешімнің бір ұшы шығып тұрғанын Хамит білмеген еді. Аяңдап, үйіне барды. Салқын ванна қабылдап, түскі ас ішт. Артынша баяғы әдетімен теледидар алдына жайғасты. Ол қолы босай қалса корей режиссерлары таспалаған детектив киноларды қарағанды жақсы көретін. Бұл жолы дәрі егу арқылы адамды жұмбақ өлімге ұшырату туралы айтып жатыр екен. Кәріс криминалисті жәбірленушінің денесін бір апта өткеннен кейін ғана тексеруге кеңес беруде. Себебі, организм жұмысын тоқтатқаннан кейін көп өзгеріс болады-мыс. Көзге көрінбейтін кіші жарақат орындары уақыт өте келе ұлғайып, байқалады екен. Оны өзінің практикасынан айтып жатыр. «Инемен егілген жерлерді көру мүмкін емес. Ал қайтыс болғанына бір жеті өткеннен кейін олардың орнын көру қиындық тудырмайды. Екпе орны ұлғайып, көгеріңкіреп тұрады», — дегенді естігенде ол есеңгіреп қалды. Мұздай тер бүрк ете қалды. «Рас, мүмкін солай шығар» деген ой келді. Келігіне отырған кезде сағат сегіз боп қалған. Бүгін бару керек, әйтпесе ертеңгілік марқұмның денесі жақындарына беріледі. Одан кейін кеш болмақ.

Іс тоқтатылды деген хабар мәйітханаға жетпеген болу керек. Қызметтік бұйрыгін көрсетіп, кезекшіден кіруге рұқсат алды. Жалаңаш қыздың денесін толық қарап шықты. Өлгі қары айтқандай белгі жоқ. Үміті таусылып, таусы шағылды. Кенет көзі қыздың құлақ тұсына түсті. Әдетте адам құлағының сыртқы беті көзге көрінеді, ал арты көлеңке бетте қалады. Әрі қыз баланың шашы жауып тұрады ғой.

— Иә, бар! Мынау иненің орны ғой, — деп сәлден соң айқайлап, мәйітхананы басына көтерді. Қылмыскерді анықтағандай қуанд-ды. Бірақ бұл екпе орны өлімге әкелді деуге себеп жоқ. Енді істі қайта көтерту үшін бас-тығын көндіру керек. Кеш қарайғанына қа-рамастан, тергеу басшысының үйіне т